Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 45 (1204)

15.11.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП

АЭС. РЕФЕРЕНДУМ. БРИКС.

ҚАЗАҚСТАНДА АЭС САЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАН КЕЙІН ҚОҒАМ ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ШАРШАМАСТАН ТАЛҚЫЛАДЫ. БІРІМІЗ ЖАҚТАДЫҚ, БІРІМІЗ АҚТАДЫҚ, ЕНДІ БІРІМІЗ КЕЙІДІК ТЕ « ҚАЗАҚСТАНҒА КЕРЕК ЖОҚ ОНДАЙ АТОМДЫҚ ЭНЕРГЕТИКА» ДЕП ҚАРСЫ БОЛДЫҚ. НӘТИЖЕСІНДЕ ЕЛДЕ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕТІН БОЛДЫ.



Дауыс беруге Қазақстан жұртшылығының 12 млн. халқы құқылы екені жарияланды. Референдумға бардым, дауысымды бердім. Азаматтық парызымды өтедім – деп келе жатқан мені достарым мен таныстарымның телефоныма соғылған қоңыраулары алаңдатып кетті. Сұрақтар «иә» дедің ба, әлде «жоқ» дедің ба? дегеннен басталды. Қоңырау иелерінің көбісімен шекісіп те қалдым. Көңіл әбден бұзылды. Өйткені менің берген дауысым олардың көбіне ұнамаған еді. Мен оларға ренжідім, олар маған ренжіді. Бірақ менің ренішім ұзаққа бармады. Оны дем сәтте басқа арнаға бұрып жіберген мемлекет басшысының сол күнгі журналистерге берген «АЭС - ті кім салатынын халықаралық консорциум шешеді» деген сөзі еді.

Бұл дегеніңіз АЭС-ті салуға жармасқан талай мемлекеттің үмітін үзгендей шешім еді. Басқаша айтқанда, Қазақстандағы АЭС-ті салу құқығы жеке бір ғана мемлекетке берілмейді деген мемлекет басшысының шешімі дәмелілердің үмітін үзгендей ескерту болды. Менің ойымша, әсіресе Ресейдің. Өйткені 23 қарашадағы Ресей президентінің елімізге ресми сапары кезінде күн тәртібіндегі сұрақтардың бірі міндетті түрде осы болуы ықтимал.

Ел Президентінің шешімін Қазақстан Үкіметі қолдап, премьер-министрдің орынбасары Роман Скляр «АЭС сөзі нысан деген мағынаны білдіргенмен, ол көптеген құрылымдардан құрылады. Мысалы, жобалау жұмыстарынан бастап құрылысты жүргізу,қосалқы нысандарды салу, жаңа технологиямен жабдықтау, тағы да басқа жұмыстармен осы бағытта жоғары көрсеткіштерге ие болған елдер таңдалады» - деп түсіндірді.

Қазақстан мемлекетінің басшысы елінің тәуелсіздігі мен дербестігін тағы бір маңызды мәселеде көрсете білді. Бәрімізге белгілі, 23 қазанда мелекет басшысы Ресейдің Қазан қаласында өткен БРИКС одағының жұмысына қатысты.

Айта кетейік, БРИКС одағы 2006 жылы құрылған. Аббревиатурадағы әріптер оның құрамына кірген Браз илия,Ресей,Индия,Қытай,Оңтүстік Африка елдерінің бас әріптерінен құралған. БРИКС елдері одағының құрылғандағы басты мақсаты – орта дәрежелі мемлекеттердің әлемдік державалардың үстемдігінсіз демократиялық әділ, тең қарым-қатынас орнатып, бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету.

Бұл одақта лидерлікті қолына алған Ресей президенті ТМД елдерін БРИКСке шақырды. Олардың алдыңғы легінде халықаралың деңгейде беделі жоғары Қазақстанның мемлекет басшысы да бар. Алайда Ресей президентінің бұл ұсынысы, ықпалы бола қоймады.

Қазір мемлекет басшысы бұл ұсынысты жан-жақты сараптаумен айналысуда. БРИКС-тің Қазақстанға тиімділігі бар ма, БРИКС-тің алдағы уақытта дамуы қалай болады – деген сұрақтарға зерттеулер жүргізуде. Кәнігі саясаткер ретінде Қазақстанның президенті БРИКС-тің жұмысына қатысқанымен, мүшелікке асығып жатқан жоқ. Терең ойлайтын саясаткер мәселенің түбіне үңілмекші.

Дүниежүзілік мемлекетаралық одақтарды сараптай келе Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдегі 192 елдің басын құрап отырған БҰҰ-ның жұмысына жоғары баға бере отырып, БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің жұмысын сынға алды. Сондай-ақ Қауіпсіздік кеңесін қайта реформалау қажеттігіне тоқталды.

Қазір БРИКС одағына Біріккен Араб Эмираты, Иран, Египет, Эфиопия, ТМД елдері ішінен Белорусь кірді. Аргентина әзірге қосылудан бас тартып отыр.

Баян ТАҢАТАРОВА

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ – ОРМАН ҚОРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ, ОНЫ ТОЛЫҚТЫРУ, ӨРТТЕН, ЗИЯНКЕСТЕРДЕН ЖӘНЕ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАУ, СОНДАЙ-АҚ, АҒАШ ӨНІМІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫН ТИЯНАҚТЫ ЖҮРГІЗУ ҮШІН ОРМАН БІРНЕШЕ ТЕЛІМДЕРГЕ БӨЛІНЕДІ ДЕ, ОЛАРДЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫ БІР ОРМАН КҮТУШІГЕ БЕКІТІЛЕДІ.



Орман күтушінің жұмысына техникалық орман қорғау инженері басшылық етіп, бақылайды. Өртке қарсы шаралардың мұқият орындалуы бақыланады. Рұқсатсыз ағаш кеспеу, ағаш дайындаушылар мен пішен шабушылардың, малшылардың, т.б. орман қорын сақтау ережелерін орындауы қадағаланады.

Зиянды жәндіктер мен жануарлардың, өсімдік ауруларының пайда болуы бақыланып, қажет жағдайда тиісті мекемелерге тез хабарланады, күрес шаралары ұйымдастырылады.

Орманда аң аулау, оның маусымдық ережелерін сақтау бақыланады. Ол үшін орман шаруашалығында радиостанция, телефон болуы керек, өрт-химия станциялары құрылып, өрт сөндіру топтары ұйымдастырылады, алқаптар ұшақ, тікұшақтармен барланады.

Ақсу ауданында орманды қорғау жұмысымен «Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі айналысады. Сол себепті, егер Сіз табиғат заң бұзушылықтарының куәгері болсаңыз төмендегі телефондарға хабарласуыңызды сұраймыз: 8-72832-31539.

К. ТОЛЫМБЕКОВ,
«Қапал орман шаруашылығы» КММ-нің
№10 айналымының орман күтушісі

ШЕКАРАШЫЛАР ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ЖАРЫСТАН БІРІНШІ ОРЫН АЛДЫ

ҚР Қорғаныс министрлігіне қарасты 40398 әскери бөлімінде Үшарал гарнизоны бастығының кубогіне арналған әскери қоян-қолтықтан жарыс өтті. Аталған жарыста ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметшілері де бақ сынады. Түрлі салмақтағы белдесудің қорытындысында ефрейтор Ә.Ахметбеков, қатардағы жауынгер Б.Ысқақов майор С.Алмас, ефрейтор Е.Жабайханов, кіші сержант Е.Тұңғатаров, кіші сержант Ұ.Әлекеев, кіші сержант Е.Баянбаев, сержант Е.Борашевтер жүлделі орындардан көрінді. Тоғыз команда қатысқан жарыста алакөлдік шекарашылар бірінші орынды иеленді.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

ЕЛІМІЗДЕ ТҰЛҒАЛАРҒА МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТУ ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРТІЛЕДІ

ҚАЗАҚСТАНДА КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТУ ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРТІЛМЕК, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ULYSMEDIA.KZ.



Мәдениет және ақпарат министрлігінің бұйрығына енгізілетін тиісті өзгерістер жобасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Құжатта әкімдіктердің мәліметінше, мемориалдық тақталар аймақтарда жиі орнатыла бастағаны айтылған. Сондықтан министрлік «артық жағдайларды» жою үшін ережелерге өзгертулер енгізу туралы шешім қабылдаған. Енді мемориалдық тақтаны ашу үшін көрнекті тұлғаның сол ғимаратта 10 жылдан астам уақыт тұрғанын немесе жұмыс істегенін растайтын фактісі болуы қажет. Мемориалдық тақталар мемлекет тәуелсіздігін нығайтуға ерекше елеулі үлес қосқан немесе айтулы тарихи оқиға жасаған тұлғаларды қоспағанда, көрнекті тұлға қайтыс болған күннен бастап бес жыл өткеннен кейін ғана орнатылады. Тақталар көрнекті тұлғалардың мерейтойлары мен есте қаларлық даталарына, сондай-ақ үкімет қаулысымен белгіленген айтулы тарихи оқиғаларға орнатылады. Жаңа ережеге сәйкес, бір елді мекенде бір көрнекті тұлғаның немесе айтулы оқиғаның бір ғана мемориалдық тақтасын ашуға болады. Құжат 26 қарашаға дейін қоғамдық талқылауда болады.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ СҰҢҚАРЫ

13 ҚАРАША КҮНІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, АҚЫН СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ТУҒАНЫНА 130 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН «СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ СҰҢҚАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ.



Ақынның шығармаларынан дайындалған әдеби-монтаж Талдықорған қаласының №12 орта мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушыларының дайындауында жылы қабылданды.

Философия докторы, алаштанушы, жазушы Елдос Тоқтарбай өзінің «Ұлттық рух және ұрпақтар сабақтастығы» баяндамасында Сәкен Сейфуллиннің тек ақын ғана емес, сондай-ақ қоғам қайраткері ретінде де танымал болғандығы, оның қазақ автономиясының қалыптасуына, қазақтың ұлт болып қалуына, ұлттық мәдениеттің дамуына қосқан үлесіне, қазақ әдебиетіндегі ұлттық сана-сезімді, еркіндікті, теңдікті, тілді дәріптегені туралы, сонымен қатар әдебиетшілер мен зерттеушілердің Сәкеннің мұрасын әлі де зерттеп, жаңа қырларын аша түсуге, оның шығармалары арқылы қазақ халқының рухын көтеріп, ұлттық сана-сезімін дамытуға үлкен әсер ететіндігіне тоқталды.

Мекеме басшысы Самал Шаяхметова Сәкен Сейфуллиннің мұрасы, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған баға жетпес қазына екендігіне, оның әдеби мұрасы бүгінгі буынға да өз мәнін жоғалтпайтындығын айта келе, конференцияның қонақтары мен шараның өтуіне атсалысқан оқырман оқушыларға «Алғыс» хатын тапсырды.

Жиын соңында Қ. Байсейітов атындағы саз колледжінің оқытушылары Т. Серіков пен Яна Адамованың орындауында Сәкен Сейфулиннің өлеңдеріне жазылған әндер орындалды.

Галия ЕШЕНОВА,
Сәкен Сейфуллин атындағы
кітапхананың бөлім меңгерушісі

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАДЕРЖАН АЛМАСБЕК САДЫРБАЙ



РУКОВОДИТЕЛЬ ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ «ШАҢЫ-РАҚ» АЛМАСБЕК САДЫРБАЙ ПОДОЗРЕВАЕТСЯ В МОШЕННИЧЕСТВЕ И ХИЩЕНИИ СУБСИДИЙ НА Т1,2 МЛРД,- СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АГЕНТСТВА ПО ФИНАНСОВОМУ МОНИТОРИНГУ.


1. «Департаментом АФМ по Алматинской области совместно с областной прокуратурой изобличен руководитель общественного объединения «Шанырак» Садырбай А. в совершении мошенничества в особо крупном размере», - говорится в сообщении.

2. Как утверждает АФМ, Садырбай и группа лиц создали фиктивные сельхозкооперативы в Балхашском, Енбекшиказахском, Кегенском, Райымбекском и Уйгурском районах, привлекая крестьянские хозяйства без сельхозземель. Для получения субсидий на осеменение и компенсацию затрат на корма якобы подавались заявки с фиктивными данными и поддельными кадастровыми номерами, используя ЭЦП руководителей кооперативов без их ведома.

3. Садырбай задержан, еще одна фигурантка дела, которую АФМ называет его «сообщницей», находится под домашним арестом.

В КАЗАХСТАНЕ ГОТОВЯТСЯ ИЗМЕНЕНИЯ ПО ПРИЗЫВУ И ОТСРОЧКЕ ОТ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ

Депутаты Мажилиса одобрили в первом чтении законопроект по вопросам военно-патриотического воспитания. В случае, если документ будет принят, для призыва на воинскую службу в Казахстане будет официально использоваться служба 1414, передает корреспондент Tengrinews.kz.



"Законопроектом закрепляется электронный способ оповещения граждан для призыва на воинскую службу. Таким образом, Минобороны сможет направлять с этой целью SMS-уведомления через веб-портал "Электронного правительства" – службу 1414 и "Личный кабинет" пользователя", - сообщили в Мажилисе.

Получить отсрочку от призыва для продолжения образования казахстанцы смогут только не более одного раза по каждому уровню образования. То есть, повторное обучение в бакалавриате по другой специальности не будет считаться основанием для получения отсрочки. Гражданам, состоящим в браке, в случае беременности супруги будет предоставляться отсрочка от призыва на воинскую службу по семейным обстоятельствам.

НЕДОПУСТИМЫЕ ОКОНЧАНИЯ В ФАМИЛИЯХ НАЗВАЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Официальный представитель Министерства юстиции Талгат Уали назвал недопустимые по законодательству окончания в именах, фамилиях и отчествах казахстанцев, передает корреспондент агентства Kazinform.



По его словам, в адрес Министерства юстиции часто поступают вопросы касательно правил написания ФИО.

- Данная норма регулируется Кодексом «О браке и семье». Министерством юстиции не ведется статистика по количеству внесенных изменений в написаниях ФИО.

Согласно Кодексу, добавление окончаний «тегі», «ұрпағы», «немересі», «шөбересі», «келіні» не допускается, - отметил представитель Минюста на пресс-конференции для СМИ.

Ранее сообщалось, во сколько обойдется казахстанцам изменение имени, фамилии и отчества.

БАНКРОТАМИ ПРИЗНАНЫ ПОЧТИ 18 ТЫСЯЧ КАЗАХСТАНЦЕВ

Как сообщил на пресс-конференции в Службе центральных коммуникаций заместитель председателя КГД Минфина РК Сеилжан Ахметов, наиболее востребованной при этом оказалась процедура внесудебного банкротства. Ее можно применить по долгам перед банками, микрофинансовыми организациями и коллекторскими агентствами.



Однако внесудебное банкротство – лишь одна из трех процедур, предлагаемых Законом «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан». В зависимости от вида долга и суммы задолженности гражданин может воспользоваться внесудебным или судебным банкротством, а также процедурой восстановления платежеспособности. Граждане имеют возможность подать заявления в ЦОНах, через портал электронного правительства (eGov.kz.). Теперь же запущена новая цифровая платформа по банкротству физических лиц Qoldau.

МЕДОРГАНИЗАЦИИ И ЧАСТНЫЕ ВРАЧИ ОБЯЗАНЫ ЗАСТРАХОВАТЬ "ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ". В СЛУЧАЕ ИХ ОШИБОК ПОСТРАДАВШИЕ ПАЦИЕНТЫ БУДУТ ПОЛУЧАТЬ ВЫПЛАТЫ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА НАДЗОРНЫЙ ОРГАН.

КАЗАХСТАНЦАМ, ПОСТРАДАВШИМ ОТ ОШИБОК МЕДИКОВ, БУДУТ ВЫПЛАЧИВАТЬ СТРАХОВКУ



Для подтверждения факта причинения вреда жизни и здоровью и получения страховой выплаты, пациенту или его близким родственникам (законным представителям) необходимо обратиться с обращением в адрес субъекта здравоохранения. Решение о наличии (отсутствии) факта причинения вреда жизни и здоровью пациента в результате осуществления медицинской деятельности будет приниматься независимой экспертной комиссией, формируемой из профильных специалистов, представителей профессиональных медицинских ассоциаций и страховой организации.

В случае несогласия пациента с результатами заключения комиссии он вправе обратиться в Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения РК или в суд. Законом установлены минимальные суммы страховых выплат, которые составляют в случае установления пациенту инвалидности третьей, второй и первой группы – 500, 600, 800 МРП, соответственно, ребенок с инвалидностью – 500 МРП, за вред, повлекший смерть – 3 000 МРП, за вред, причиненный жизни и здоровью пациента без установления инвалидности – не более 300 МРП.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Қайта түлеген Қоңыр ауылы

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ҚОҢЫР ТОПЫРАҒЫ ҚҰНАРЛЫ, ЖАЗДА ҚОҢЫР САЛҚЫНЫ ЖАНҒА ЖАЙ, ҚЫСТА ҚАЛЫҢ ҚАР КӨРПЕСІН ҚЫМТАП ЖАТАТЫН ЕЛДІ МЕКЕН. МҰНДАҒЫ ЖҰРТ КЛИМАТТЫҚ ЖАЙҒА ӘБДЕН ТӨСЕЛГЕН. АЛТЫ АЙ ЖАЗ БЕН АЛТЫ АЙ ҚЫСҚА ТҰРМЫСЫН БЕЙІМДЕГЕН. КЕҢЕС ЗАМАНЫНДА ҚАПАЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН АУЫЛ ЫРЫСЫ ТАСЫҒАН, ЖЕР ҚАЙЫСҚАН МАЛЫ МЕН ДӘНДІ БАСЫН КӨТЕРЕ АЛМАЙ ЖЕЛ ЫҒЫНДА ТЕРБЕЛГЕН ЕГІНДІК МҰНДАҒЫ АҒАЙЫННЫҢ ӘЛІ ЕСІНДЕ.



Ауыл қариялары сол дәуірді сүйсіне еске алады. Ауылдың ақсақалдар кеңесінің төрағасы Исағали Дәрменбековтің айтуынша, Қоңырда қазір 190 үй ғана бар. Шашылған құмалақтай әр жерде орналасқан үйлер тәуелсіздік жылдарындағы тоқырауды айғақтаса керек.

– Тәуелсіздікпен қатар келген тоқырау ауыл тіршілігін тұралатты. Сайындай саңлақ қаламгерді дүниеге әкелген топырақ кешеге дейін жетімнің күйін кешіп тұрған-ды. Соңғы бір-екі жыл көлемінде қалыпқа келе бастадық. Бастысы, биліктің құлағы естітініне көз жеткіздік. Айтқанымыз орындалып жатыр, – дейді Исағали Дәрменбеков.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, мұнда Шоқан Уәлихановтың ізі қалыпты. Ыстықкөл сапарында жиһанкез Қоңырдың маңындағы Көкжазыққа тоқтапты. Жаңға жайлы мекен табиғатымен Мұхаммед-Қанафияны да сүйсіндірсе керек.

Исағали Дәрменбековтың айтуынша, жазда Бала Қорадан Түйтеге дейінгі шұрайлы алқапты жайлайтын ауыл шаруалары қыста Молалы жақтағы құм арасын қыстап, малын жұтатпайтын. Жұрт есінен кетпейтін 1969 жылғы қыста көрші кеңшардың малшылары ақ таяғын ұстап қалғанда қоңырлықтар жемшөп, азық-түлікпен көмектескен. Қазір Қоңырда тоқыраудан кейінгі өрлеуге қадам жасалып жатқаны айқын байқалады.

Облыс бойынша алғаш рет блокты-модульді клуб Қоңыр ауылында салынған.

ӘУЕЛІ ХАЛЫҚ, СОДАН СОҢ - БІЗ

– Қай ауылда болмасын ауыз су, жол, ескірген ғимарат, салынбаған әлеуметтік нысандар мәселе болушы еді. Мектебіміз биыл ғана қайта жаңғырып, пайдалануға берілді. Ветстансы, ауылдық клуб, өрт сөндіру бекеті салынды. Жол жөнделіп жатыр. Көше жарықтары орнатылуда. Алакөл, Сарқан және Ақсу ауданына баратын газ магистралі салынуда. Соның негізінде «көгілдір отынға» қол жеткізетін күн алыс емес. Халыққа керегі осы ғой. Ауыл әкімі Арай Құлахметов әлеуметтік нысанның салынуына күш салды. Бірақ, әкімдіктің ғимараты іске алғысыз күйде. Өзге ауылдардағыдай блокты-модульді әкімдіктен біз де үміттіміз. Осындай мәселелерді әкімдердің халықпен кездесуінде көтеріп, қазір олар шешімін тауып жатыр, – деді ауылдағы әйелдер кеңесінің төрайымы Ғалия Көкенова.

Жаңаланған нысандарды көзбен көрдік. Бірақ, жергілікті әкімдік ғимаратының жайы шынында қынжылтарлық күйде екен, Кеңес заманында салынған нысан мүлдем жөндеу көрмегендей. Ауыл әкімі халықтың қажеттілігін өтеу бірінші орында екенін, әкімдік ғимаратын салу жоспарда тұрғанын жеткізді. Қоңырда қаңырап тұрған ескі Мәдениет үйінің ғимараты бар. Ауыл әкімі айтпақшы, жуық арада жаңа әкімдік ғимараты салынса, қазіргі ескі де болса пайдалануда тұрған нысан ескі клуб ғимаратын спорттық нысанға айналдыру жоспарда тұрғанын жеткізді. Инвестор тартуға кіріскенін де айтып қалды. «Қолда барды ұқсату» әкімнің жоспарында тұрғаны шын қуантты.

АУЫЛДЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ - КІТАПХАНАДА

Ескелді ауданының ең «Үздік кітапханашысы» Қоңырда тұрады. Жазира Өмірбекова жуырда ғана осы атаққа қол жеткізіпті. Жаңадан ашылған ауылдық клубтың бір бөлігінде орналасқан ауылдық кітапхана қызу тірлік үстінде. Үздік кітапханашының қасында 6-сынып оқушысы Айша Сағат. Кішкентай бұрымдыны «кітап құрты» десек те болғандай. Мектеп бітіргенше кітапхана қорындағы 10 мың кітапты оқып тауыспақ ниетте.

Бүгінде телефонға телмірмей кітапхана жүрген іздеген баланы көру рада да шын қуаныш екен !

Кітапхананың бір бұрышы Сайын Мұратбековке арналыпты. «Жусан иісінен» бастап, «Жабайы алмасына» дейін алыстан менмұндалайды. Сайын даланың қанша баласын «кітапқұмар» еткен, қанша баланың арманына қанат бітірген. Осындай классик жазушының есімін не Ескелді ауданында, не облыс орталығындағы бір көшеге неге бермеске?

Ауылдық кітапхана орналасқан клубтың пайдалануға берілгеніне де көп болған жоқ. 120 орынды мәдени нысан көптен үзілген «Ауылым – алтын бесігім» дәстүрлі кешін қайта жалғапты. Қоңыр ауылдық клубтың меңгерушісі Айдос Күдербаев пандемия кезінде тоқтап қалған көшті қайта қолға алып, су жаңа нысанда елді мекен тұрғындарының рухани тыныстауына тырысып жүргенін жеткізді. 1100 тұрғыны бар ауыл үшін салынған блокты-модульді клубта қазір 8 адам жұмыс істейді. Ауыл қариялары да қарап жүрген жоқ екен. Өздері «Қоңыржай» атты ансамбль құрған. Оған қоса, клубта 6 үйірме бар.

– Сайындай саңлақ ұлды дүниеге әкелген топырақта талай дүлдүл шығады деп сенемін. Биыл 11-сынып оқып жатқан Әмина Өмірзақова есімді күміскөмейіміз бар. Аудандық, облыстық байқауларда топ жарып жүр. Сонымен қатар, ағайынды Әсер және Әсем Сержандар да осындай додаларда шашасына шаң жұқтырмайды. Бұл ауылда құрылған «Жетісу толқындары» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, «Қырықбаевтар» отбасылық ансамблі талайдың есінде болар. Енді шәкірттеріміз республикалық, халықаралық байқауларда Қоңыр ауылының бәсін әрдайым биікке көтереді деген сеніміміз бар, – дейді клуб меңгерушісі Айдос Күдербаев.

ЕЛ НЕСІБЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Бұрын Қоңырдың өзінде 70 мыңнан аса қой өрісті жайлаған екен. Тоқырау жылы ауылдан тұрғындар көшуімен қатар мал санының да азаюы орын алған. Қазір сол олқылықтың орны толтырылуда. Оған ауыл іргесіндегі жаңадан салынған ветеринариялық пунктке барғанда көз жеткіздік. Қоңыр ауылының келіні әрі ауылдағы ветоператор Сандуғаш Жакенова бұрын мал дәрігерлері әкімдік ғимаратында отырғанын, ондағы жайсыздықтарды тізбектей жөнелді.

– Қазір ауылда 23 мыңнан аса қой-ешкі, 5 мыңға жуық мүйізді ірі қара, 1,5 мың бас жылқы бар. Дәуірінде қойшылар ауылы атанған ауылдың сол атағын қайтаратын күн жақын. Қазір мал дәрігерлері төрт түлікке екпе салу, қан алу бойынша жұмыстармен сыртта жүр. Көктем мен күзде біздің жұмысымыз екі еселенеді, – дейді Сандуғаш Жакенова.

РЕДАКЦИЯДАН: *Қай қазақтың болмасын отаны ауылдан басталатыны белгілі. Сондықтан ауыл жүдесе – көңіл жүдейді. Ауыл түлесе – кеудеңді қуаныш кернейді. Сайындай жазушының туған топырағы Қоңыр ауылының жаңару кезеңінен өтіп жатқанына қуандық.*

Тіршілігі қайта түлеп жатқан Қоңыр ауылында болып қайтқан
Дастанбек САДЫҚ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮНДЕ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ АҚСУ МЕН КӨКСУ ҚАНТ ЗАУЫТТАРЫНА СЫЙМАЙ ЖАТЫР. АТАЛҒАН ЖАҒДАЙДЫҢ ТУЫНДАУЫНА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ? ҚЫЗЫЛША ӨНІМІНІҢ КӨРСЕТКІШІ ӨСТІ МЕ, ӘЛДЕ ҚЫЗЫЛША АЛҚАПТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙЫП, ЗАУЫТ ҚАБЫЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҮЛГЕРМЕУІ МҮМКІН БЕ?

ЖЕТІСУДА ТАҒЫ БІР ҚАНТ ЗАУЫТҚА ҚАЖЕТТІЛІК ПАЙДА БОЛДЫ

Көзіміз үйренген көріністің бірі - үлкен автотрасса бойы қызылша тиеген машиналардан тұратын кептеліс. Машиналардың кейбірі тәуліктеп кезекте тұрады екен. Кезекте тұруға шыдамаған біреулер тиелген қызылшаны жол бойына ақтарып төгіп кете бергенін де көрдік.

BAQ.KZ тілшісінің зерттеулеріне сүйенсек, жүргізушілердің айтуы бойынша, өкініштісі сол, қант зауыты машиналарды қабылдау жұмысын үйлестіре алмаған. Сондықтан ұзыннан ұзақ кезек азаймай тұр. Жүк көліктері 2 күн кезегін күтеді.

«Камазды бір өлшеп, тауарды бір өлшеп уақыт өлтіреді» - дейді жүргізушілер. Ең өкініштісі, дизель отынына обал. Жүк көліктері жанармайды көп жағады. «Біз мәселен трактормен Қараталдан бері келгенде жарты тоннаға дейін дизель отынын жағып қоямыз», - дейді трактористер Талғат Есенбеков.

Карашаның қара суығы қарып барады. Бұрынғыдай емес жылдам қабылдайды дегеннің өзінде, біздер тәуліктеп тұрамыз. Жылыну үшін жүк көлігі оталып тұруы керек. Қазір дизель отыны өте қымбат. Зауыт алдында оны оталдырып қоя алмаймыз. Берілген жанармайды үнемдеп жеткізу керек.

КҮНІНЕ ЖҮЗДЕГЕН КӨЛІКТІ ҚАБЫЛДАЙДЫ ДЕГЕН ЖАЛҒАН АҚПАРАТ

Жүргізушілердің айтуынша, ***«Көксу қант зауыты ондай жүк көлігін қабылдап жатқан жоқ. Қайта-қайта кагат алаңы толып қалды деп айтады. Оның бәрін неге есептемейді? Бұлар қантты өңдеп алайық дегеннің өзінде, қанша уақыт күтеміз. Ертең қар түссе, тіпті, қатынау қиын болады. Алқап басы қазірдің өзінде лайланып жатыр. Жүк көлігі кірсе шыға алмайды», - дейді жүргізуші Жанатбек Тереңбаев.***

Облыстық ауылшаруашылығы басқарамасының мәліметінше, Көксу қант кәсіпорынына келісімшартқа отырған 4 аудан, бір қала барлығы 370 мың тонна шикізат өткізуі тиіс. Қалғанын Ақсудағы кәсіпорын қабылдайды. Жалпы алғанда 600 мың тоннадан астам өнім қабылданбақ.

Кейбір шаруалар қол күшін іздестіріп әлек. Қызылша жинайтын техника санаулы. Сондықтан адамдарды жалдап тиетеді. Олар күніне 30-40 мың теңге алады. Оның үстіне жанармай бағасы қымбат. Оған берілген субсидия өзін-өзі ақтамайды. Оны да ескерген жөн. Жалпы өңірге тағы бір зауыт қажет, - дейді шаруа иесі Асқар Жасырмақов.

Қазір Жетісу облысындағы Көксу және Ақсу қант зауыттары бар болғаны 352 мың тонна қант қызылшасын қабылдаған. Бұл жалпы 700 мың тоннаға жуық тәтті түбір түседі деп пайымдаған облыстық



ауылшаруашылығы басқармасы үшін 60%-дан астам ғана көрсеткіш. Әлі қаншама тонна өнім кезегін күтіп тұр. Жалпы қант қызылшасын қабылдау уақытынан бері 1 ай өтті десек, әлі 300-ден астам тоннаны қабылдау уақыты қысқа дейін созылатын түрі бар. Бұл шаруалардың алаңдаушылығын тудырып отыр. Қар түссе тіпті қиын. Оның үстіне қазып алынған өнім уақыт өте салмағын жоғалта береді.

КЕПТЕЛІС БОЛМАС ҮШІН ШАРУАШЫЛЫҚТАР ГРАФИККЕ ҚОЙЫЛДЫ

Мұндағы мәселе көлік кептелістері болып отыр. Оның алдын алу үшін арнайы аудандарға график ұйымдастырдық. Яки Көксу қант қауытына алдымен бір ауданның шаруалары толықтай өткізіп алған соң, қалған ауданның шаруалары өткізеді. Аталған кәсіпорын бүгінге дейін күніне 3 мың тонна қабылдаса, оны 4 мыңға дейін көтеру керек деп шештік. Қазір 13 700 гектар алқаптың қалған 5,1 мың гектарында жүріп жатқан қазу жұмыстарын қараша айының соңына дейін аяқталады. Дәл қазір қант қызылшасын жинау мен өткізу мәселелері облыстық жедел штабтың тұрақты бақылауында ұстап отыр, - дейді облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Айта кетейік, нақты есеп бойынша тәтті түбір тұқымы 13,7 мың гектар жерге себілген. Ал одан қожалықтар 615 мың тонна өнім алады деп болжанып отыр.

Ең қиыны, бетке ұстар екі зауыттың алаңына қант қызылшасы толықтай сыймайтыны. Мәселе осында. Сол себепті зауыт басшылары күн созып отыр. Яки алғашқы өнімдерді өңдеп, алаңды босатуды ойлайды. Ал оған шаруалар көне ме? Егінін қазып алған қызылшашылар шыр-пыр болады. Оның үстіне камазды жалдап жұмыс істетіп отырған шағын шаруалар бар. Оларға әр күні маңызды, қант қызылшасының салмағын жоғалтқан сайын түсер пайдасынан ұтыла береді. Осы күнге дейін 8 600 гектардан 403 мың тонна өнім өнімділігі 472 центнерді құрап отыр. Бұл – үздік көрсеткіштердің бірі саналады.

– Қант зауытының алдындағы кептелісті азайту мүмкін емес. Қаншама шара бар, бәрі өнімін кептірмей балғын күйінде өткізгісі келеді. Біздің кәсіпорын осы күнге дейін тәулігіне 150-160 жүк көлігін қабылдады. Бұл шамамен үш мың тонна көлемінде зауытқа шикізат келіп түсті деген сөз. Қазір осыған дейінгі кагат алаңында жатқан 140 мың тонна шикізатты өңдеуге кіргізіп жатырмыз. Алайда қанша зауыт өңдеді дегенмен алаңдар бірден босай қоймайды. Одан кейін сол орынды тазалау қажет. Ол да бір-екі күннің жұмысы. Бүгінде қалған қызылшаны төгетін арнайы алаң әзірлеп жатырмыз. Бүгіннен бастап 4 мың тоннаға дейін өнім қабылдауға кірісеміз. Ешқандай шаруаның өнімі далада қалмайды. Олардың бәрі тиісті орындарына барады, - дейді Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абатов.

Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге үлесін қосып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде еркше рөл атқарып отырған үлкен үш кәсіпорын бар. Оның бірі де бірегейі Көксу қант зауыты екені көпке мәлім. Аталған кәсіпорын жылына 250 мың тонна қант қызылшасын өңдейді. Бүгінгі күнге толық жүктелген, қуаттылығын арттыру үшін 2025-2026 жылдары 29 млрд. теңге инвестиция тартылды. Осы уақытта кеңейту жұмыстарының нәтижесінде зауыттың қуаттылығы 500 мың тоннаға дейін жеткізіледі. Алдағы уақытта аудандағы қызылша кәсіпорнына 105 мың тонна қант қызылшасы жиналатын болады.

Облыстағы екі зауыт биыл жалпы 100 мың тонна ақ қантты өндірсе, оның ішінде 73 мың тонна қант қызылшасынан, 27 мың тонна қамыс құрағынан алынбақ. Нақтылай кетсек Көксу қант зауытына 57 мың тоннасы тиесілі. Яки, 30 мың тонна қант қызылшасынан, 27 мың тонна қамыс құрағынан болып табылады дейді Көксу ауданының әкімі Дәулет Халелов.

АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫНДА ДА ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙ

Жалпы қант қызылшасы саласында шешілмей жатқан мәселелер көп. Бірақ жыл сайын біртіндеп ретке келіп келе жатыр. Көбі техниканың ескіргенін айтады. Одан қалды тәтті түбірді тазалау жұмыстары қолмен жүреді. Тіпті жүк көлігіне қолмен тиеледі. Оны зауыт қабылдар кезде ішінде қоқысы көп, дұрыс тазаланбағанын айтып салмағын кемітеді. Мәселен, Көксу қант зауытын да және Ақсу қант зауытында да осындай жағдайлар кездесіп тұрады.

– Осы уақытқа дейін Ақсу қант зауытына 210 мың тонна қант қызылшасы қабылданды. Қазан айының алғашқы үш аптасында тәулігіне 300 жүк көлігі зауытқа кіріп-шығып, өнімін төгіп кетіп тұрды. Соның салдарынан кагат алаңы толды. Сол себепті қазір тәулігіне 160-170 жүк көлігін кіргізіп жатыр. Қазір сыртқы облыстардан қант қызылшасын қабылдау тоқтады. Бүгінде маңайдағы Сарқан және Алакөл аудандары мен біздің ауданға қарасты шаруалардың өнімі қабылданып жатыр. Келесі айдан бастап Талдықорған қаласына қарасты шаруалардың өнімі қабылданатын болады. Біз қосымша құрақ қант өңдегендіктен бәрін қатар алып жүруге бейілміз. Келер жылы шаруалардың саны артады. Келесі жылы ақсулық шаруалар техника түрлерін жаңғырту жұмыстары жүргізбек. Оны да ойлаған жөн, - дейді Ақсу қант зауытының директоры Самат Надирбаев.

ТҮНДЕ КЕЗЕКТЕ ЖАНАРМАЙ ҰРЛАНАДЫ ЕКЕН

– Түнімен көлікті өзің күзетпесең, жанармайынды ұрлап кетеді. Кезекте тұрған тракторшы жігіттің 60 литр дизель отынын ағызып, алып кеткен. Тіпті бағының аузын жаппапты. 2 тәулік кезек күту оңай емес. Ығырымыз шығады. Бірі-бірімізді түтіп жеп қоя жаздаймыз. Жабайы кезек, бәрі ауызша, айқаласып бір-бірінің алдын бөгеп әрең кіреді. Ешқандай қағаз жүзінде кезек қойылмағанын, таныс-тамыр, туған-туыс, әкімдік арқылы үркіте-қорқыта кезексіз кіріп кетеді. Сорақысы сол, Ескелді ауданынан Хильниченко дегеннің шаруалары ешкімге бағынбайды, зауыттың алдында тұрып алып өздерінің Камазын өткізеді, - дейді Жомарт Еркінбек.

Қалай десек те, қар түскенге дейін зор еңбекпен егілген «тәтті түбірді» қар астында қалдырмай жинап алу басты мақсат. Ал жоғарыда аталған кемшіліктер болашақта Жетісу өңіріне тағы бір қант зауыты керек дегенді меңзеп тұрғандай. Ол қайдан салынуы керек? Қарабұлақтан ба, Алакөлден бе, Сарқаннан ба? Ой көп...

(Дереккөз: BAQ.KZ)

Дүйсенбі - Понедельник, 18 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 04.15 «Інжу-маржан»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.45 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х «Қол созған үміт»
12.10, 04.15 Тату-тәтті
14.10 «Алпа»
15.00 Т/х«Замандастар»
17.10 «Қызық екен»
20.30 «Ашық алаң»
21.25 т/х «Көршінің қызы»
22.15 Телехикая «Сабаз бен сұлу»
23.15 «1001 түн»
00.15 «Атамекен»
00.35 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы
03.20 «Ашық алаң»
04.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05:00 «Кім мықты»
07.00 «Оян!»
10.00 сериал «Мама»
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 Т/х «Үлкен үй»
15.00 т/х Мәдениет үйі
15:30 Тамаша
16.00, 22.30 сериал
18.00 «President»
18.30 Новости
19.00 Әлеумет
19.30 Жаңалықтар
20.00 Т/х «Әйел бақыты»
21.45 Т/х «Несібелі несие»

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
06.50 м/с Маша и медведь
09.00, 21.00 Алпарслан -2 түрік т/х
10.20, 00.25 сериал «Громовы»
12.30 «Өгей жүрек»
13.30 «Қалқан»
14.15 Сериал «Ангел хранитель»
15.00 Сериал
16.00 Сериал «Я все помню»
19.20 Сериал «Бумеранг»
20.00 Астанатаймс
21.55 үнді т/х Адасқан сезім
23.25 Т/х«Осман»
01.25 т/х «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 телехикая
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстани
09.00 «Доброе утро. Казахстані»
10.05 Модный приговор
11.00 Давай поженимся
11.55 «Пусть говорят»
13.05 Сериал «Лицемеры»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike
18.30, 04.05 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz»
20.00 « Гавные новости»
20.35 сериал
01.00 ночной кинотеатр
02.00 новости
02.15 «Жаңалықтар»
02.30 т/х «Синяя книга»

КТК

07.00 ҚР Әнұран
07.05 «Әнім сен едің»
08.05 «Намыс»
09.50 мелодрама
14.20, 02.10 Райское место
18.50 Апатпен бетпе-бет
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.10 Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 мелодрама.
23.50 «Шеф-6», остросюжетный детектив
04.55 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.20 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Ел іші - өнер кеніші»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Біздің өңір»
11.00 «Шіркін-ай»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Бумеранг»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Таза мекен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.40 Ризамын
07.10 Time Vine
07.30 Tik Tok show
08.00 «Қызыл шербет»телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 Т/х «Әке сіз....»
11.10 , 00.40«Келіндер бәйгесі»
12.20 Кино
14.50 кино
17.40 Кино.
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
23.30 Телесериал «Клюквенный щербет»
01.00 31 әзіл
01.40 Тайм вайн
02.30 Tiktok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.15 «Бастық боламын»
07.00 «Сөздің қысқасы. Ардақ Қасымханмен»
07.30, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
08.30 «Әйгерім Сейфолланың Сырласуы»
09.30 «Жарқыраған жұлдыз»
10.00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 Сериал «Давай найдем друг друга»
13.10 х/ф
15.10 сериал «Пока Станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 «Сезім үшін»
23.00 сериал «Эртугрул»
00.00 телехикая «Батыл жүрек»
01.10 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлымен».
02.10 Телехикая
03.00 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.45 Қуырдақ
05.47 Үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 19 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.35 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00. 20.00, 20.45 АҚПАРАТ
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 телехикая «Қол созған үміт»
12.10 Тату-тәтті
14.10 «Ақорда»
14.25, 00.15 Әлем және біз
15.00, 21.25 телехикая «Көршінің қызы...».
16.00 телехикая «Замандастар».
17.10 «Қызық екен».
20.30 «Ашық алаң».
22.15 телехикая
23.15 «1001 түн»
00.35 Футбол
03.20 «Ашық алаң».
04.15 «Тату-татті». реалити-шоу

ХАБАР

05.00 «Кім мықты»
07.00 «Оян»
10.00 Сериал «Мама»
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 Телехикая
15.00 мәдениет үйі
15.30 Тамаша
16.00, 22.30 сериал
18.00 Народный контроль
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «Итоги»
19.30 Жаңалықтар
20.00 Телехикая «Әйел бақыты»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.50 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан-2» түрік телехикаясы
10.20, 10.25 сериал
12.30 «Өгей жүрек»
13.03, 23.50 «Қалқан» телехикаясы
14.15 сериал
15.00 Сериал «На твоей стороне-2»
16.00 «Я все помню»
18.20, 23.25 «Осман» сериал
19.20 «Бумеранг» сериал
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім» үнді телехикаясы
02.40 «Тақ тартысы» телехикаясы

ЕВРАЗИЯ

06.00 телехикая
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 Сериал
14.00.02.00 «Новости»
14.15.02.15 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 04.05 «Басты жаңалықтар»
19.00, 02.30 Koremiz
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал
00.40 Ночной кинотеатр
02.30 «Синяя книга»

КТК

07.05, 04.55 Кешкі жаңалықтар
07.30, 05.20 «Намыс»
09.20 Вечерние новости (повтор)
10.00 «Было дело»
11.00 Шеф-6
13.00 Мелодрама
14.30 Райское место
18.50 «Апатпен бетпе-бет»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 мелодрама.
23.50 Шеф-6
02.10 Мелодрама «Райское место»
04.10 Астарлы ақиқат (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Таза мекен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Қайырымдылық»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус, каз.)
08.00 «Қызыл шербет»телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз...»телехикаясы
11.10 «Келіндер байгесі»
12.20 Кино Джеки Чан
14.50 Кино
17.30 Кино
20.00 Инфрмбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
00.00 Телесериал «Клюквенный щербет»
01.00 «Келіндер бәйгесі» (повтор)
02.00 «31 әзіл»
02.30 Time Vine
02.50 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.15 Телехикая
07.00 Что это было
07.30, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
08.30,19.00 Т/х «Сезім үшін»
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал
13.10, 21.00 сериал
15.10 сериал «Пока Станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
23.00 сериал «Эртугрул»
00.10 телехикая «Батыл жүрек»
01.00 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
02.10 телехикая
03.00 «Жеңіл көр». Бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.50 Айналайын
05.52 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 20 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.55 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 Ақпарат
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 телехикая
12.10, 03.05 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.10, 04.35 Қос палата
14.35, 04.35 Арнайы жоба
15.00, 21.25 телехикая «Көршінің қызы»
16.00 телехикая «Замандастар».
17.10 «Қызық екен».
20.30, 03.00 «Ашық алаң».
Қоғамдық- саяси ток-шоу.
22.15 Телехикая
23.15 «1001 ТҮН».
Қоғамдық бағдарлама.
Тікелей эфир
00.50 Ашық алаң
01.45 Сана
05.15 Ауылдастар

ХАБАР

05:00 «Кім мықты»
07.00 Оян!
10:00 Сериал «Мама»
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 «Несібелі несие»
15.00 Т/х «Мәдениет үйі»
15.30 Тамаша
16.00, 22.30 Сериал
18.00 «Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 «Талқы» ток-шоу
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Әйел бақытты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 00.25 сериал
12.30 «Өгей жүрек» т/х
13.30 «Қалқан»
14.15 сериал
15.00 сериал На твоей стороне-2
16.00 «Я все помню»
18.20,23.25 «Осман»
19.20 «Бумеранг»
20.00 Астанатаймс
21.55 Адасқан сезім
02.40 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 телехикая
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 Сериал
14.00, 02.00 «Новости»
14.15.02.15 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 04.05 «Басты жаңалықтар»
19.00, 02.30 Koremiz
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал
01.00 Ночной кинотеатр
02.30 «Синяя книга»

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Намыс т/х
09.20 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00, 23.50 «Шеф-6»
13.00, 21.40 мелодрама
« Мы никогда не будем вместе»
14.30, 02.10 Райское место
18.50 «Апатпен бетпе-бет»
19.30, 04.55 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.10 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама
23.50 Шеф-6
05.20 Намыс

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Дала сыры»
14.30 «Сіз не істедіңіз?»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Маска»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Қызыл шербет» телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз...» телехикаясы
11.10, 00.10 «Келіндер байгесі»
12.20 Кино
15.00 кино
18.00 Кино
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 Кино
23.10 Телесериал «Клюк венный щербет»
01.10 «31әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 әзіл
04.30 балабатл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 т/х «Бастық боламын»
06.40 Ток шоу
07.30, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
08.30, 19.00 Т/х «Сезім үшін»
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал
13.10, 21.00 сериал
15.10 сериал «Пока Станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
23.10 сериал «Эртугрул»
00.00 телехикая «Батыл жүрек»
01.00 Late night show with Динара Сатжан
02.10 Телехикая
03.00 «Жеңіл кер».
04.00 «Япырай»
04.50 «Қуырдақ»
05.52 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫ

ЖАЛАЙЫР ТАРИХЫНЫҢ СЫРЫ

Жалғасы . Басы өткен сандарда



Бұлардың билеушілері өздерін аса қуатты сезінген кездер болған.

Осының бәрін мойындаған И.П.Петрушевский аталған (ішінде жалайыр да бар) көшпелі түркі тайпаларының «сыртқы түрлері және тілдері» жағынан өзара жақындықтарды туралы Рашид ад-диннің ескертпесіне назар аударуды да ұмытпайды.

Кезінде қазақстандық ғалымдар В.В.Востров пен М.С.Мұқанов И.Петрушевскийдің жалайырларды моңғолдарға жатқызуына қарсы болған еді.

Осы айтылғандар жалайырлардың о баста түркілерден құралып, кейіннен моңғол империясының күшеюіне байланысты оларға қосылып моңғол атанып кеткенін дәлелдейді. Біздіңше, жалайырлар өздерін ешқашанда моңғол аталмаған оны моңғолдардан құғын-сүргін көрген басқа тайпалар берді. Моңғолдармен бірге келіп жаулау соғыстарын жүргізгендер «моңғол» атанбағанда қалай атанбақ?

Алайда сталиншіл тарихшы И.П.Петрушевский мұны мойындай қоймады. Ол жалайырларды «түрік» тайпасына жатқызушылар пікірін ашық айыптап, оларды «ұлыдержавалық, пантюркистік «концепцияларды» жақтаушылар қатарына жатқызды және татар, керейт, найман, жалайыр, меркіт тәрізді түркі тайпаларын «түркітілдес емес, моңғол тілдес» тайпалар деп көрсетті. Сөзбе-сөз айтатын болсақ, И.П.Петрушевский былай деген еді: «Сообщения Рашид ад-Дина не оставляют места для идеализации родового быта кочевников, который столь охотно передаются, например, некоторые турецкие буржуазные «историки» - пантюркисты». Міне, осылайша түркітілдес тарихшыларға ашық қысым жасалды.

Моңғол үстіртінде IX-XIII ғасырларда өмір сүріп, кейіннен қазіргі қазақты және т.б. түркі халықтарын негіздеген жалайыр, керей, найман, қоңырат, табын және т.б. рулар мен тайпалар бірлестіктері рулық қауымдастықтың арқасында ғана өсіп-өнді, пісіп-жетілді, және тайпалық одақтарға бірігіп этникалық саяси тұрғыдан қазақ халқын құрады. Қазақтың рулар мен тайпалардан құралғаны құпия емес. Олай болса И.П.Петрушевский айтқан екен деп «рулық тұрмыстың» тарихи маңызына мән болып шығады. Жалайырларды моңғол тайпасына жатқызатын жалғыз И.П.Петрушевский ғана емес, орыстың белгілі шығыстанушысы В.В.Бартольд та осындай қате көзқарас ұстанды. Ол өзінің «Место прикаспийских областей в истории мусульманского мира» деген тақырыпқа арналған лекциясында Персияны билеген ильхандар династиясы туралы айта келе жалайырлардың моңғолдардан шығып, кейіннен түркіленгенін мәлімдеді. Ол сондай-ақ, өзінің «Орта Азиядағы түркі халықтары тарихы бойнша он екі лекция» атты еңбегінде де жалайырлардың атауы «алғаш моңғол ұлтының атауы» болғанын анықтап көрсетті. Бұларға қосымша ол жалайырдың әйгілі қолбасшысы Мұқалидің өзін қытайлықтарға «татар адамымын» - деп таныстырғанын алға тартады.

Әйгілі шығыстанушының жалайырды алғаш моңғол, соңынан түрік жасауын негізсіз және дәлелсіз деп ойлаймыз. Мұның бәрі біздің ойымызша, Рашид ад-Динді дұрыс, байыптап оқымаудан орын алып отыр. Ол ежелгі жалайырлар шежіресін оғұздан таратады. Бұл туралы біз алда ежелгі жалайырларды құраған он рудың шығу тегін баяндағанда айтамыз.

Ал енді жалайыр Мұқалидің өзін «татар адамы» деуіне келер болсақ, татарлардың моңғолдардың ата жауы болғаны, әртүрлі этникалық топтардан құрылған бұл халықтың отыз татар атанғаны белгілі. Мұқалидің өзін моңғолмын демей, татармын деуінің өзі жалайырлардың моңғолдарға біріккенге дейін түркі тілдес болғанын дәлелдей түседі деп ойлаймыз.

Жалайырларды осы отыз татарлардан шығарып, бірақ отыз татарлардың өздерін де моңғолдарға жатқызатын ғалым, моңғолдар тарихын арнайы зерттеген Л.Л.Викторова болып табылады. Ол өзінің этникалық негіздемесін арнайы схема түрінде берген. Оның көзқарасы оқырманға түсінікті болу үшін біз бұл кестені оқырманға қаз-қалпында ұсындық.

Кестеден көріп отырғанымыздай, жалайырлар (чжалайрлар) және қоңыраттар (унгираттар) және татарлар моңғол тайпаларына жатқызылған. Л.Викторова осындай қорытындыға келіп отырып, өзінің осы монографиялық еңбегінің 175-бетінде Рашид ад-диннің төмендегідей пікіріне толық мақұлдау білдіреді: «Доминирующиее положение монголоязычного населения при его значительной численности на территории Центральной Азии привело к тому, что, как пишет Рашид ад-Дин, «найманы, джалаиры, онгуты, кереиты и другие племена, которые имели каждое свое определенное имя, называли себя монголами из желания перенести на себя славу последних; потомки же этих родов возомнили себя издревле носящими это имя, чего в действительности не было» [Рашид ад-Дин, 1952, ч. 1, с.75].

Процесс слияния кочевых монгольских, тюркских, тунгусо-маньчжурских групп в единую монгольскую народность был подготовлен всем ходом событий предшествующего периода истории Центральной Азии».

Бұдан шығатын қорытынды – жоғарыда атап көрсеткеніміздей, жалайырлар және т.б. түркітілдес тайпалар Орталық Азияда моңғол-тілдес тайпалардың үстемдік ала бастауына байланысты оларға бас июге, яғни моғолдармен бірігуге мәжбүр болды. Мұны Л.Викторова да мойындайды. Оның ойынша «жазбаша әдеби және дәстүрлі тарихи протомоңғолдық мәдениет пен тілдің ошағын» Орталық Азияда 200 жылдай империялық билікте болған қидандар нығайтып кетті, ал Шыңғыстың өзі болса өзін Ляо атты қидандар империясының саяси және этномәдени мұраларының заңды ізбасары ретінде қарады.

Егер осы айтылғандарға тереңірек мән берер болсақ, бұрынғы негізін түркітілдес оғұздар құраған жалайырлар қидандар билігі және Шыңғысхан империясы тұсында моңғолтілдес тайпалар ықпалына түсіп, моңғол атана бастаған болып шығады. Бұл тұста моңғол тілімен түркі тілдері аса жақын болғандықтан жалайырлардың моңғол атануы ерекше оқиға емес еді.

Жалайырлардың ежелгі шежіресі олардың түп атасы оғұз екендігін дәлелдейді және моңғолдардың оларға жақындығын, әрқашан көрші болғанын көрсетеді. Оқырманға түсінікті болуы үшін Рашид ад-Диннің деректеріне негізделген жалайырлардың ежелгі шежіресін төмендегіше береміз.

Жалайырлардың ежелгі шежіресі оларды дәрлікендерден тарататынын көріп отырмыз. Мұндайда Дәрлікен атаның аты ма, жоқ әлде тайпаның аты ма? – деген заңды сауал туындайды. Мәселені айқындау үшін ең алдымен зерттеушілер пікірлеріне құлақ түрелік. Моңғол-қалмақ тарихын індете зерттеп жүрген зерттеуші В.Ш.Бембеев осыған байланысты былай деп жазады: «Процесс объединения племен и народов Центральной Азии, характерный для эпохи Чингисхана, приводил к смешению этноинформаций и образованию новых, из коих наиболее наглядным являлся раздел формации «дарлекин». Учтем специфичность тюркского и произношении приобретали несколько иное, чем сегодня, звучание и смысловую окраску из-за трансформации отдельных согласных и гласных звуков. Название «дарлекин» должно было читаться по-монгольски «торолекун», что понимается как «родственники, родственные». По Рашид ад-Дину, все 20 подразделений формации «дарлекин - торолекун»: «джалаир, сунит, татар, меркит, курлаут, тулас, булгачин, керемучин, урасут, татамих, таргут (торгаут), ойрат, барг (к)-ут, к(х)ори, теленгут, урянка, курх (г)-ан, сухат...» - всего 18 из двадцати (2 наименования пропущены или самим Рашид ад –Дином, или перепесчиками), были родственными. Разговаривая между собой, они все понимали друг друга.

Военно-административные, социально-экономические и многие другие образования, переплетаясь друг другом, в связи с формированием империи Чингисхана, непосредственно влияли на процесс этногенеза».

Бұл айтылғандардан байқайтынымыз «дәрлекен» атауы «туыстар», «туысқандар» деген мағына беретіндігі. Дәрлікендер құрамында шынында да бұрын жалайыр бірлестігінде болған төленгіт (теленгут), кори (тури), куркин (кургхан), кумсаут (курлаут) тәрізді рулардың да болғандығын осы деректен біліп отырмыз. Бұлар өзара сөйлескенде бірін-бірі жақсы түсінген. Мұның себебі, жалайырдың ескі шежіресінен байқалатындай, моңғол аталған тайпалар мен оғыз аталған тайпалардың түптамырлары бір. Яғни ежелгі «дәрлікен» немесе «жалайыр» бірлестігіне оғыз руларымен бірге кейінірек моңғолдарды құраған тайпалардың кіріп кеткендеріне таңдаудың еш реті жоқ.

Сонымен бірге жоғарыда айтылған В.Ш.Бембеевтің пікірі дәрлекин немесе жалайыр бірлестігінің негізгі ядросын туысқан оғыз тайпалары құрап, кейінірек оған Қалайыр (Жалайыр) өзені бойына қоныстанған кірме моңғол тайпалары қосылып, бұл тайпаның этникалық сипаттағы бірлестікке ұласқанын байқатады. Шыңғысханды жалайырлардың алғашқылардың бірі болып қолдауы және ұлы ханның оларды көтермелеуі жалайырлардың әскери тұрғыдан тығыз топтасып үлгерген тайпа екендігін тағы да дәлелдей түседі. Бұл процестердің Y-YI ғасырлардан бастау алары күмәнсіз.

Жоғарыдағы В.Ш.Бембеевтің айтқандарына тағы бір назар аудартар мәселе жалайыр құрамына кірген дәрлекіндердің «төрелекүн» деп аталғаны. Кейінгі Шыңғысхан империясы тұсында ұлы ханнан таралған ұрпақтың «төре» атануымен ежелгі шежіредегі «төрелекүнде» тарихи сабақтастық бар тәрізді. Өйткені төрелекүндер құрамына түркітілдес рулармен қатар моңғолтілдес рулар да кірді емес пе? Оның үстіне көне шежіре бұл руларды туыстық тұрғыдан да жақындастырады. Егерде кейініректе Шыңғысханды 1206 жылы ұлы хан ретінде ақ киізге отырғызып хан көтерген 94 тайпа өкілдерінің арасында түркітілдестердің көптеп кездесетіндерін ескерер болсақ, бұл пікіріміз растала түседі.

Шыңғысхан тұсында моңғол атанғандардың бәрі моңғол емес, бұл жалайырларға да тікелей қатысты. И.Н.Березин аударған Рашид ад-диннің еңбегінде мынадай жолдар бар: «Племена, которых ныне называют монгольскими, но которых имя в сущности не было Монголъ, такъ какъ это названіе они предъявили после эпохи ихъ (Монголовъ). Каждая ветвъ изъ этихъ ветвей произвела много ветвей, и у всякой явилось определенное имя.

Джалаиръ Сунитъ
Татаръ Мергить Курлуть
Тамгалыкъ Туласъ
Тумэт Булагачин

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ.
("Жалайыр тарихы" кітабынан үзінді)

Жалғасы келесі санда

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАҚТЫБАЙ АУЫЛЫ ҚАЙНАҒАН ТІРШІЛІК ОРТАСЫ

Ескелді ауданына қарасты Бақтыбай ауылы көкорай шалғынды, теректері көк тіреген сулы да нулы жерге орналасқан керемет мекен. Ауыл табиғаты әсем. Бұл ауылдың көпшілікке танымалдылығына ауыл ортасынан өтетін күре тамыр автокөлік жолы да әсер етпей қоймайды. Ауылдың Бақтыбай аталуы да тегін емес.



Бақтыбай Жолбарысұлы ІХХ және ХХ ғасырдың тоғысында өмір сүрген, тума талант, айтыскер ақын.

– Ауыл бұрын Крупская деп аталып келген. Қазақстан тәуелсіздігімен бірге елді мекенге Бақтыбай ақынның есімі берілді. Бақтыбай ауылдық округінде бүгінде 9 мыңнан астам адам тұрады. Округіміз негізінен үш елді мекеннен құралған, - дейді, Бақтыбай ауылдық округінің әкімі Сәскебаев Азамат. Бақтыбайда - 6719 адам, Елтайда - 2028 адам, Өтенайда - 336 адам тұрақты тіркелген. Оның ішінде зейнеткерлеріміз 1696 адам, 211 әр топтағы мүгедектер,393 көп балалы отбасылар бар. Ауыл тұрғындары 19 ұлт өкілдерінен құралған көп ұлтты ауылмыз. Округте жалпы 46 көше бар, олар соғыс ардагерлері, ақын, жазушылар, қоғам қайраткерлерінің атымен аталған.

Бақтыбай ауылдық жер болғанымен, округтегі жалпы ауыл ішіндегі жолдары 47,5 шақырымды құрайды екен. Бұл дегеніңіз округтің үлкендігінен хабар беріп тұрғандай. Биылғы жылы облыстық маңызы бар Сүйінбай көшесіне асфальт төселіп, көше бойындағы тротурар маңына темір жақтаулар қойылып,сонымен қатар Астана, І.Жансүгіров көшелеріне асфальт, Б.Римова, М.Әуезов көшелеріне қиыршық тас төселгенін айта келе ауыл әкімі округтің ауыз сумен, газбен қамтылуына тоқталды.

Азамат Сәскебаев, Бақтыбай ауылдық округінің әкімі:

– Бақтыбай ауылдық округінің үш елді мекеніндегі су жүйелерінің жалпы ұзындығы – 43,2 шақырым, онда 3 /үш/ су мұнарасы бар. Ауыл тұрғындарының 92 пайызы орталықтандырылған ауыз су жүйесін қолданып отыр. 2023 жылдан бастап ауыл ішінде газ тарту жұмыстары жүргізіліп, ауыл тұрғындары газ жүйесіне қосылуда. Биылғы жылы 662 тұрғын үй газбен жылытылуда. Ауылда газға қосу жұмыстары күнделікті жүргізіліп жатыр. Бақтыбай ауылының 21 көшесіне жарық шамдар орнатылған. Көшелерді жарықтандыру жұмыстары жыл сайын жасалынып отыр.





Ауылдағы білім беру, медициналық қызмет көрсету және мәдениет пен спорт саласында артта қалған жоқпыз.

Мысалы, Бақтыбай ауылдық округінде 2 білім беру мекемесі бар. 1968 жылы салынған 860 балаға арналған және Елтай ауылында 1986 жылы салынған 1176 балаға арналған екі мектепте 1591 оқушы білім алуда.

Сонымен қатар, Бақтыбай ауылдық округінде 205 балаға арналған 2 балабақша, мектеп ішілік 50 балаға арналған 2 шағын орталық бар. Биылғы жылы 50 балаға арналған «Алиназ» бөбекжайы қолданысқа берілді. Бақтыбай, Елтай ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар, Өтенай ауылына жаңадан салынған блокты-модульдік медициналық пункт жұмыс жасайды. Медициналық нысандар мамандармен толық қамтылған. Мәдениет үйіне бүгінгі күнде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Бақтыбай ауылында халықтың демалыс орны, балалардың бос уақытын өткізетін ойын алаңы, спорт алаңы бар. Сонымен қатар Елтай ауылында бала-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

лар алаңы мен жаттығу алаңы, Өтенай ауылында спорт алаңдары салынған.

Елтай ауылына биылғы жылы спорттық сауықтыру кешені салынып жатыр. Тапсырыс беруші аудандық спорт бөлімі.

Бақтыбай ауылында 2018 жылы жаңа мешіт құрылысы басталған болатын, бүгінде ол пайдалануға берілуге жақын. Осы құрылыстың негізгі демеушілерінің бірі жергілікті кәсіпкер Дюсенбинов Айдын.



Ауыл халқының күнкөрісінің негізгі арқауы мал мен егістік екені белгілі. Кей ауылдар малын өсіріп жатқанмен мал жаятын жер тапшылығына кейіп жатады. Жекешеленіп кеткен соң әркім өзі үшін өмір сүретін жағдайда Бақтыбай ауылы тұрғындарының осы мәселесі қалай шешіліп жатыр?

Азамат Сәскебаев, Бақтыбай ауылдық округінің әкімі:

– Ауыл халқының негізі күн көрісі екі үлкен саладан, яғни егіс және мал шаруашылығынан тұрады. Біз осы екі салада жұмыс жасаудамыз.

Округте 265 - жеке шаруа қожалықтары, 1-өндірістік бірлестік, 14-жауапкершілігі шектеулі серіктестігі / ТОО/ бар. Барлығы да дәнді - майлы дақылдар, картоп, көкөніс, бақша, қант қызылшасы, көп жылдық шөп өсіріп өндірумен шұғылданады. Жалпы ауыл-шаруашылығы жерінің көлемі - 34027 гектарды құрайды,соның ішінде: суармалы жер - 5847 га,шабындық жер - 520 га, жайылым жер - 24768 га.

Ауыл тұрғындарының малдарын жаю үшін арнайы жайылым жерлер бөлінген. Көктем бастала салысымен ауыл тұрғындарының малдары жайылымға шығарылады. Ақой, Шажа жайлауынан жайылымға жер бөлінген. Сондықтан бізде мал жайылымы жөнінде мәселе жоқ десек, артық айтпағандық деуге болады.

Бүгінгі күнге ауылдық округте 4243 бас ірі қара малы, жылқы – 1629 бас, қой мен ешкі - 16018 бас, шошқа – 164 бас, құстар - 3478. Мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары малдардың селекциялық және асылдандыру жұмыстарын жүргізіп отыр. Округіміздің тағы бір айтарлық жаңалығы Бақтыбай ауылында ветеринариялық пункт құрылысы салынып қолданысқа берілгені.





Бақтыбай ауылдық округіндегі шағын кәсіпкерлік қалай дамып жатыр? Ауыл мақтанышына айналған кәсіпкер азаматтар бар ма?

Азамат Сәскебаев, Бақтыбай ауылдық округінің әкімі:

– Алдымен ауылдағы әлеуметке тоқтала кетейін. 2024 жылы 26 отбасына «Атаулы әлеуметтік көмек» тағайындалды, оның ішінде 15 көп балалы отбасы, 11 аз қамтылған отбасылар бар. Жұмыссыздық бойынша 52 азамат ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды. Ауылда әйелдер кеңесі, жергілікті қоғамдастық, ақсақалдар алқасы құрылған. Ауыл тұрғындары бізге, көбіне, балаларға арналған ойын алаңдарын салу мәселесімен келеді.

Ал шағын кәсіпкерлікке келер болсақ, округте сауда орындарынан 3 шағын маркеттер, 46 дүкен, 1 шұжық цехы, 2 шаштараз, 1 аяқ киім шеберханасы, 2 дәріхана, 1 техникалық жөндеу орталығы,3 дөңгелек жөндеу орны, 3 көпшілік тамақтану орны, 2 дәнекерлеу цехы, 2 темір жону цехтары жұмыс жасауда.

Ауыл кәсіпкерлері мерекелік іс-шараларда, қайырымдылық марафондарда, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына өз көмектерін ақшалай, заттай беріп елдің ризашылығын алып жүр.

Ауыл мақтанышына тұрарлық азаматтар арасында Дүйсенбінов Айдын Қасымұлын атар едім. Айдын әкесінің бастаған ісін жалғастырып, ауылдық округ бойынша ең ірі шаруа қожалығының біріне айналды. Әрине, осының бәрі еңбектің, табандылықтың арқасы.

Көктем-күз мезгілінде шаруа қожалықтарына жерлерін жыртып, егіп беруіне, күзде жиын терін жұмыстарына техникасымен көмектеседі. Қыстың күні ауыл көшелерін арнайы техникасымен қардан тазалайды. Сол сияқты Айдын округ бойынша өтетін үлкенді-кішілі мерекелік іс-шараларға белсенді түрде қатысады. Мектеп, аурухана, бала бақша, мешітке көмегін беріп тұрады. Өз қаржысы есебінен егіс алқаптарына баратын ұзындығы 20 км жолға қиыршық – құм тас төсеп, күрделі жөндеуден өткізді.



Редакциядан: Ауылдың дамуына бар ынта-жігерін қосып, ел ойынан шығатындай қызмет атқаруға бел шеше еңбектеніп жатқан ауыл әкіміне еңбегің жемісті болсын - деген тілегімізді жолдадық.

Әңгімелескен
Баян ТАҢАТАРОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПО СЛУХАМ И ДОСТОВЕРНО

НАЦБАНК СДЕЛАЛ ЗАЯВЛЕНИЕ ПО СТАРЫМ 5-ТЫСЯЧНЫМ КУПЮРАМ

Нацбанк Казахстана заявил о продлении периода параллельного обращения банкнот номиналом 5000 тенге образца 2011 года и 5000 тенге 2023 года, передает NUR.KZ со ссылкой на пресс-службу.





«Национальный банк Казахстана сообщает о продлении по 24 сентября 2025 года периода параллельного обращения банкнот номиналом 5000 тенге образца 2011 года и банкнот номиналом 5000 тенге измененного дизайна образца 2023 года. После завершения периода параллельного обращения, то есть с 25 сентября 2025 года, все банки и "Казпочта" будут обменивать банкноты старого образца на банкноты нового образца в течение 3 лет, а филиалы НБК — бессрочно», - заявили в Нацбанке.

Отмечается, что банкноты нового и старого образцов в период их параллельного обращения являются законным платежным средством, и они обязательны к приему на всей территории страны. Здесь же напомнили, что отказ в приеме банкнот и монет, являющихся законным платежным средством, является административным правонарушением в соответствии с Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Напомним, в начале года Нацбанк Казахстана выпустил в обращение новую банкноту номиналом 5000 тенге. Специалисты объяснили, как отличить поддельную купюру от настоящей.

В июле глава Нацбанка Тимур Сулейменов рассказал, какие купюры обновят следующими в Казахстане. В новом дизайне выпустили 5- и 10-тысячные банкноты.

«Все следующие (на очереди выпуска с новым дизайном — прим. ред.) — там мы не по купюрам пойдем, а по всей линейке сразу. То есть зашла 5- и 10-тысячная купюра, и остальные пойдут, и 1-тысячные, и 2-тысячные», - отметил председатель Нацбанка.

В июне в Нацбанке также показывали новые 5- и 10-тысячные купюры в сакском стиле.

Добавим, в ноябре прошлого года на XI Конгрессе финансистов Казахстана Национальный банк РК презентовал новую серию банкнот тенге. Отмечалось, что новая серия основана на элементах «Сакского стиля» и отражает наследие страны — от уникальной культуры номадов до современного Казахстана.

При этом в честь 30-летия национальной валюты в Казахстане также выпустили юбилейные банкноты номиналом 10 тыс. тенге. Позже специалисты рассказывали, как проверить на подлинность юбилейную 10-тысячную купюру.

В феврале стало известно, что в Казахстане в течение нескольких лет планируют заменить все старые банкноты на купюры из серии «Сакский стиль». После выпуска банкнот нового дизайна, банкноты предыдущего образца будут постепенно изыматься из обращения.

После завершения периода параллельного обращения все банки и «Казпочта» будут обменивать банкноты старого образца на банкноты нового образца в течение еще 3 лет. По истечении этих 3 лет филиалы Нацбанка продолжат обменивать банкноты старого дизайна бессрочно.

АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА

ДЕПУТАТ ВЫСКАЗАЛСЯ О ПРЕДЛОЖЕНИИ ЛИШИТЬ РАБОТАЮЩИХ ПЕНСИОНЕРОВ ИХ ПЕНСИЙ

ПРЕДЛОЖЕНИЕ ЛИШИТЬ РАБОТАЮЩИХ ПЕНСИОНЕРОВ ИХ ПЕНСИЙ ИЗ ГОСБЮДЖЕТА ВЫЗВАЛО ВОЛНУ БЕСПОКОЙСТВА В ОБЩЕСТВЕ, ОТМЕТИЛ ДЕПУТАТ МАЖИЛИСА АСХАТ АЙМАГАМБЕТОВ, ПЕРЕДАЕТ «ГОЛОС НАРОДА».

«Эта идея выглядит как попытка решить проблему госрасходов за счет одной из самых уязвимых групп населения, вместо того чтобы искать более справедливые способы оптимизации бюджета. Важно понимать, что многие пенсионеры и так получают минимальные выплаты, которых недостаточно для достойной жизни. Теперь даже этот скромный доход, гарантированный статьей 28 Конституции о праве на социальное обеспечение по возрасту, оказался под вопросом.

Складывается впечатление, что ищут пути экономии там, где люди наименее способны возразить. Сначала были предложения сократить финансирование лечения онкобольных, затем — на хосписы и поддержку тяжелобольных, а теперь — на работающих пенсионеров», - отметил мажилисмен.

Большинство пенсионеров продолжают работать не по желанию, а по необходимости, поскольку их доходов просто не хватает на базовые нужды, отметил депутат.

«Экономить бюджет необходимо, но категорически нельзя трогать образование, здравоохранение, пенсии, пособия и зарплаты наших граждан. Форумы, праздничное оформление, строительство новых административных зданий, бессмысленное возведение огромных стадионов, зарплаты иностранных легионеров и другие подобные направления перекрыли бы дефицит», - написал Асхат Аймагамбетов.

Министерство труда и социальной защиты населения разъяснило, что никаких подобных инициатив в действительности нет и изменений в законодательстве не готовится. По их словам, это было лишь мнение, вынесенное на обсуждение, но не план министерства на ближайшее время.

«Тем не менее, считаю, что сама идея противоречит принципам конституционности и справедливости, и у граждан не должно быть оснований для беспокойства. Хотелось бы, чтобы коллеги выражались более взвешенно по столь чувствительным вопросам, чтобы избегать недопонимания и излишней тревоги в обществе», - добавил депутат.

НОВЫЙ ГОРОД АЛАТАУ

АЭРОМОБИЛИ ЗАПУСТЯТ МЕЖДУ АЛМАТЫ И АЛАТАУ

По сообщению источника Sputnik. О запуске аэромобилей между Алматы и Алатау заявили в казахстанском правительстве.



На заседании Проектного офиса по вопросам развития Алатау, вице-премьер Канат Бозумбаев отметил необходимость создания отдельной рабочей группы и тестовой среды Urban Air Mobility.

Она будет заниматься тестированием и запуском воздушного транспорта, который займется перевозкой пассажиров и грузов.

Помимо аэромобилей обсудили и жилищный вопрос. Старые дачные массивы намерены превратить в современные жилые комплексы по аналогии с программой реновации жилья.

О перспективах развития нового города Алатау доложил аким Алматинской области Токаеву.

Также прорабатывается вопрос упрощенного визового режима для иностранных специалистов, в том числе, по примеру Digital Nomad Visa. Было предложено предусмотреть налоговые преференции для участников СЭЗ Alatau, осуществляющих предпринимательскую деятельность, с заключением EPC-контрактов со строительными компаниями.

«Немаловажный вопрос касался сохранения уровня заработных плат соцработников в новом городе. Канат Бозумбаев поручил министерствам юстиции, труда и социальной защиты населения выработать соответствующие меры», — говорится в сообщении.

Вице-премьер отметил, что необходимо учитывать не только международные стандарты при строительстве нового города, но и опираться на собственный опыт.

«У нас имеется опыт строительства новой столицы. За последние годы был построен новый областной центр — город Туркестан. Данный опыт может быть полезным для города Алатау. Акимату Алматинской области поручаю всесторонне рассмотреть применение опыта строительства Туркестана», — сказал Канат Бозумбаев.

В правительстве намерены разработать закона «Об особом статусе города Алатау» и пересмотреть законодательство по специальным экономическим зонам. Ранее Канат Бозумбаев провел переговоры с представителями Китайского института развития SDI, которые выразили готовность помочь в данном направлении.

Ранее Токаев заявил, что будет построен Alatau city по примеру Сингапура.

«Проект задуман как "Сингапур Центральной Азии" и призван стать ведущим международным бизнес-хабом. Отведенная территория площадью в тысячу квадратных километров будет развиваться в режиме специальной экономической зоны. С удовлетворением хотел бы отметить, что мастер-план проекта разработала сингапурская компания Surbana Jurong», — сказал Токаев.

В свою очередь, правительство утвердило генплан Алатау и изменил границы Илийского, Талгарского районов и города Конаев.

Бейсенбі - Четверг, 21 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 Ақпарат
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 телехикая
12.10 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.10, 05.25 Әйел әлемі
14.55, 21.25 телехикая «Көршінің қызы»
16.00 телехикая «Заманда-стар».
17.10 «Қызық екен».
20.30, 00.50 «Ашық алаң». Қоғамдық- саяси ток-шоу.
22.15 Телехикая
23.15 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
01.45 «Сана»
02.45 «Тату-татті». Реалити-шоу
05.15 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты »
07.00 Оян!
10.00 Сериал
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 «Несібелі несие»
15.00 «Мәдениет үйі» т/х
15.30 Тамаша
16.00, 22.30 Сериал
18.00 «Біздің назарда»
18.30 Новости
19.00 Итоги
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Әйел бақытты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 00.25 сериал
12.30 «Өгей жүрек» т/х
13.00 «Қалқан» т/х
14.15 сериал
15.00 сериал
16.00 «Я все помню»
18.20, 23.25 «Осман» сериал
19.20 «Бумеранг» сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 Сериал «Адасқан сезім»
02.40 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Телехикая
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 Сериал
14.00, 02.00 Новости
14.15, 02.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30, 04.05 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
01.00 Ночной кинотеатр
02.30 «Синяя книга» т/х

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Намыс т/х
09.20 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00,23.50 «Шеф-6»
13.00, 21.40 мелодрама «Мы никогда не будем вместе»
15.00 мелодрама
19.30, 04.55 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
02.10 мелодрама
04.10 Астарлы ақиқат
05.20 Намыс

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.00 «Дала үні»
17.50 «Коронавирус»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Қызыл шербет» телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз...» телехикаясы
11.10, 00.30 «Келіндер байгесі»
12.20 мультсериал
12.50 Кино
14.50 Кино
17.00 Кино
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 Кино
23.10 Телесериал «Клюк венный щербет»
01.30 «31әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 әзіл
04.30 балабатл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
06.40 «Әйгерім Сейфолланың Сырласуы»
07.30, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
08.30, 19.00 Телехикая «Сезім үшін»
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал
13.10, 21.00 сериал «Зови меня мамой»
15.10 сериал «Пока станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
23.10 сериал «Эртугрул»
00.00 Батыл жүрек
01.00 Тойхана -2
02.00 Телехикая
02.50 Жеңіп көр
03.50 Япырай
04.40 «Қуырдақ»
05.52 Үзіліс

Жұма - Пятница, 22 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.45 Әнұран
06.05 ,04.55 «Жәдігер»
06.30, 10.00,14.00,17.00,20.00, 23.30 АҚПАРАТ
07.00 «ТАНШОЛПАН»
10.10, 18.00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
12.10 «Тату-тәтті» шоу
14.10,04.30 «Атамекен»
14.40,04.05 «Арнайы жоба»
15.00 «Көршінің қызы»
16.00 «Замандастар»
17.10 «Қызық екен...»
20.30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21.25 «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА»
22.35 «Сабаз бен сұлу»
00.05 «Парасат майданы»
00.35 «АШЫҚ АЛАҢ»
01.30 «Сана»
02.30 «Тату-тәтті»шоу
05.15 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты»
07.00 «Оян!»
10.00 «Мама»
12.00 «Тағдырға сен»
14.00,21.45 «Несібелі несие»
15.00 «Мәдениет үйі»
15.30 «Тамаша»
16.00,22.30 «Незакрытач мешень»
18.00 «Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Әйел бақыты»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан-2»
10.20,00.25 «Громовы»
12.30 «Өгей жүрек»
13.40 «Прямая связь»
14.00 «Цена прошлого»
18.20 «Осман»
19.20 «Бумеранг»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Осман»
02.40 «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Испанская принцесса»
07.00 « KOREMIZ»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.00 «Я иду тебя искать»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 « KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.55 «Поле чудес»
22.10 «Отдел-2»
02.20 Новости
02.35 Жаңалықтар
02.50 «Синяя книга»
03.40 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Намыс»
09.20 «Вечерние новости»
10.00 «Было дело»
11.00 «Шеф-6»
13.00 «Мы никогда не будем вместе»
15.00 «Райское место»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Квартирка»
02.10 «Райское место»
04.10 «Дау-дамайсыз»
04.55 «Кешкі жаңалықтар»
05.20 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Домбыра»
12.00 «19 регион»
12.30 «Дала үні»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңыраудан шыңға»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Абадан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
06.30 «Тайм Вайн»
07.00 Информбюро
08.00 «Қызыл шербет»
09.00 «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз....»
11.10 «Келіндер бәйгесі»
12.20 «В ловушке времени»
15.00 «Легенда Зорро»
18.00 «Ямакаси»
20.00 Информбюро
21.00 «Социальная сеть»
23.40 «Клюквенный щербет»
00.50 «Келіндер бәйгесі»
02.00 «31 әзіл»
02.30 «Тайм вайн»
03.00 TikTok show
03.20 What 's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»

7 КАНАЛ

06.00,05.50 Әнұран
06.02 «Q –елі»
06.45 «Бастық боламын»
07.00 «Здоровье с Айнур Тажиной»
07.30,18.00 «Абысындар-2»
08.30,19.00 «Сезім үшін»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Давай найдем друг друга»
13.10,21.00 «Зови меня мамой»
15.10 «Пока станица спит»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
23.00 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
00.00 «Батыл жүрек»
01.00 «Тойхана-2»
02.00 «Әсекшілер-2»
02.50 «Жеңіп көр»
03.50 «Япырай»
04.40 «Қуырдақ»
05.42 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 23 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.45 Әнұран
06.05,03.05 «Ауылдастар»
06.30,17.00,00.50 Ақпарат
07.00 «Қызық екен....»
07.50,03.35 «Көңіл толқыны....»
09.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР»
10.00,18.00 «Қол созған үміт»
12.00 «Жұлдызды жұп»
14.10 Тұлға
14.55 «Махаббат бекеті»
17.20 «Қос палата»
17.40 «Әлем және біз»
20.00 «Жұлдызды жұп»
21.55 «Сабаз бен сұлу»
22.50 «Қара таңба»
01.10 «Қос палата»
01.30 «Әлем және біз»
01.50 «Теледәрігер»
02.40 «Атамекен»

ХАБАР

05.00 «Мәртебелі өнер»
06.30 «Асыл қазына»
07.30 Концерт «Сенемін мен»
08.30 «Өз елім»
09.05 «Культурный контекст»
09.35 «Neocеть»
10.00 «Упс Ной уплыл»
11.15 «Панда и киви»
12.00,21.45 «Иностранец»
14.00 «Қызық times»
15.30 «Сен боссың»
17.00 Сборник. «Әсем әндері»
17.45 «Асыл домбыра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7 күн»
23.45 «ОйнаIQ»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан-2»
10.20 «Ән мен әнші»
11.35 «Шахта»
13.00 «Қалқан»
14.15 «Районы»
16.20 «Дорога к отцу»
18.20 «Осман»
19.20 «Бумеранг»
20.00 «Sapar times»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Осман»
00.25 «Супер Агенты»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ұшқалақ»
06.25 «Испанская принцесса»
08.25 «П@УТИНА»
09.25 «QAIMAҚ»
10.00 «Поехали»
10.50 «Клиника»
13.00 «Господа Офицеры»
17.00 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
19.00 «Koremiz»
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.30 «Заң мен ел»
21.00 «Где живет Надежда»
01.00 «Звезда»
03.20 «Асау жаңалықтар»
03.50 «Синяя книга»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Жұмақтың кілті»
08.15 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
08.40 «Было дело»
09.40 «Квартирка»
13.40 «Мейірім»
15.20 «Естімедім,көрмедім»
17.00 «АЛДАРАСПАН»
21.00 «Нарисуй меня счастливой»
01.30 «Было дело»
03.30 «Мейірім»
04.50 «Жұмақтың кілті»
05.50 Концерт

ЖЕТІСУ

07.00 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Мұңлық пен Зарлық»
14.30 «Абадан»
15.00 «Аман болайық»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.40 «Астана аспаны»
18.00 «Жарқыра»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Менің анам»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIK TOK show»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
11.00 «Дерт»
11.50 «Той Воу»
14.30 «Гарфилд»
15.40 «Тачки»
18.00 «Kingsman.Секретная служба»
21.00 «Мстители»
00.10 «Мен лайықпын!»
01.20 «Bizdin show»
02.20 «31 әзіл»
04.00 Time Vine
04.20 Tik Tok show
04.40 Әзіл студио
05.00 1001 әзіл
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.45 Әнұран
06.02 «Бастық боламын»
06.45 «Жарқыраған жұлдыз»
07.20,18.00 «Абысындар-2»
08.30,19.00 «Сезім үшін»
10.00, 20.00 « Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Линия жизни»
15.00 «Таптым –ау сені»
16.40 «Сөздің қысқасы Ардақ Қасымханмен»
17.00 «Ғаламат ғасыр Хюррем»
21.00 «Маска» мега-шоу
23.00 «Жарқыраған жұлдыз»
23. 50 «В поисках мамы»
01.50 «Әсекшілер»
02.50 Қызықты Weekend
03.50 «Жеңіп көр»
05.20 «Қуырдақ»
05.47 «Үзіліс»

Жексенбі - Воскресенье, 24 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.30 Әнұран
06.05,04.30 «Ауылдастар»
06.35,03.40 «Дәуір даналары»
07.05 «Қызық екен...»
08.00 Шығармашылық кеш
09.40 «АҚСАУЫТ»
10.00,18.00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
12.00 «Жұлдызды жұп»
14.20 «Қош бол Гүлсары»
16.50 «Атамекен»
17.20 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 «АҚОРДА»
21.00 «Көңіл толқыны»
22.15 Телехикая «Сабаз бен сұлу»
23.15 «Қара таңба»
00.55 «Апта»
01.45 «Ақорда»
02.00 «Атамекен»
02.30 «Әйел әлемі»
03.00 «Күміс көмей»
04.10 «АҚСАУЫТ»

ХАБАР

05.00 «Мәртебелі өнер»
06.30 «Асыл қазына»
07.30 «Мен жайлы»
08.30 «Жеруйық»
09.00 «Аралым менің,Аралым»
09.30 «Упс,Ной уплыл»
10.45 «Нико-2»
12.00,21.45 «Коломбиана»
14.00 «Cover show»
16.00 «Түпсана және жасыл нәски»
18.00 «ОйнаIQ»
19.00 «Qunar+»
19.30 «Қызық таймс»
21.00 «7 күн»
23.45 «Алғашқы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан-2»
10.00 «Супен агенты»
11.35 «Шахта»
13.00 «Қалқан»
14.15 «Махаббат Әлемі»
16.35 «Цена прошлого»
21.55 «Адасқан сезім»
23.50 «Дорога к отцу»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Миссис Уилсон»
07.00 «П@утина»
08.05 «Заң мен ел»
08.35 «Воскресные беседы»
08.50 «Повара на колесах»
09.40 «Летний снег»
14.00 Кино«Господа офицеры»
18.00 «Каждому свое»
20.00 «Аналитика»
20.45 «Семейный портрет»
00.45 «Нулевой километр»
02.25 «Синяя книга»
03.15 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Алдараспан»
11.00 «Парад Юмора»
13.00 «Нарисуй меня счастливой»
17.30 «София»
20.00 «Кел, Шырқайық!»
21.00 «Дин Дина шоу»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Не твое дело»
03.30 «Естімедім,көрмедім»
04.50 «Кел, шырқайық!»
05.35 «Өнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
12.00 «Жарқыра»
12.35 «Шашу»
13.15 «Менің анам»
13.30 «Келіп көр»
13.50 «Ұлт ұяты»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Музыкалық жоба
17.00 «Шашу»
17.40 «Құтты қонақ»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Мейірімсіз ұл»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Әсем әуен»
21.30 «Біздің өңір»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIK TOK show»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Маша и медведь»
11.00 «Дерт»
11.50 «Гарфилд-2»
13.40 «Тачки»
16.10 «Kingsman.Секретная служба»
19.10 «Мстители»
22.20 «Терминал»
01.30 «Бауыр»
02.40 «31 әзіл»
03.30 Tik Tok show
03.50 «1001 әзіл»
04.00 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 Әзіл студио
05.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.15,18.00 «Абысындар-2»
08.00 «Здоровье с Айнур Тажиной»
08.30,19.00 «Сезім үшін»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Маска Казахстан»
13.00 «В поисках мамы»
15.00 «Что это было»
15.30 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлы»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
21.00 «Таптым-ау сені»
23.00 Динара Сатжан
00.00 «ӘзілMan»
01.10 «Тойхана-2»
02.00 «Әсекшілер-2»
03.00 Қызықты Weekend
03.50 «Жеңіп көр»
05.20 «Қуырдақ»
05.47 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІ ӨРГЕ СҮЙРЕУ ЖОЛЫНДА

Бүгінгі таңда Жоғарғы Сот тарапынан мемлекеттік тілде қаралатын істер санын арттыру мәселесі күн тәртібіне қойылып келе жатыр. Осыған байланысты облыстық сот басшылығынан да тиісті тапсырмалар берілуде. Ендеше мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлес салмағын арттыруға лайықты үлес қосу үшін аудандық соттарда да бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Сондай шаралардың бірі жақында ғана ұйымдастырылып, Текелі қалалық сот әкімшісінің басшысы Б.А.Мадыбекованың басшылық етуімен құқық жүйесіндегі қазақ тілінің және басқа мәселелерін қаузаған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Бұл басқосуға Текелі қалалық прокуратурасы прокурорының орынбасары А.Каиров, қалалық заң кеңесінің адвокаттары С.Бекишев, В.Федоров, Текелі қалалысының заңгері М.Жылкаидарова, қаласы әкімі аппаратының құқықтық, мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы Д.Жуанышева, Текелі қаласының пробация қызметі бөлімінің өкілі М.Жаксыгулов қатысып, өзекті мәселені өрге сүйреуге қолбайлау болып отырған кемшіліктерге тоқталып, оларды жоюдың жолдарын тілге тиек етті. Бұл ісшараны Бахытгүл Мадыбекова қорытып, қатысушыларға алғысын білдіріп, алдағы уақытта да осындай басқосулар өткізіліп тұратыны жайлы баяндады.

Ш. ХАМИТОВ.





АСЫЛ ҚАЗЫНА

ТІЛДІК ОРТА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРДІ

Мемлекеттік тілдің мәселесіне елімізде тұрақты түрде көңіл бөлініп келеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылатындықтан оның қолдану аясын кеңете түсуге өз үлесін қосу еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Қынжылларлығы сол, мына бір кемшілік жайлы айта тіліміз де жауыр болды деуге де болады. Өйткені, мұндай жайт күні бүгінге дейін тыйылар емес. Күнделікті сот процестерінде әлі кездесіп жатады. Сондықтан, тағы да қайталап назар аудара кеткенді жөн көріп отырмыз. Атап айтсақ, сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан, сотқа жүгінушілерге өз құқықтарын пайдаланып, арыз шағымдарын адвокаттардың айтқанына көніп, айдағанына жүріп орыс тілінде жазбай, өздерінің ана тілінде қазақша жазулары керек екенін тағы да ескерте кеткіміз келеді.

Алайда, мәселені толық шешу үшін бірден барлық шараларды мемлекеттік тілге көшіре салу оңай шаруа емес. Бұл тыңғылықты даярлықты, үйлесімді көзқарасты талап етеді. Өйткені, бірлігі жарасқан кең байтақ елімізде тату-тәтті тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің де пікірімен санаспауға болмайды. Сол үшін бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел бәр жерлерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейне таспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренем дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына сапары барысында «Қазақша сөйлейтін жастар көбейіп келе жатыр. Жалпы, тілдік орта түбегейлі өзгерді. Қазақ тілін білетін өзге ұлт өкілдері де аз емес. Соған сәйкес қазақша фильмдерге, әндерге және басқа да өнімдерге деген сұраныс жоғары. Мұның бәрі қазақ тілінің қолдану аясы жылдан-жылға кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Сондықтан, алаңдауға еш негіз жоқ» деп атап көрсеткен болатын.

Аян ҚАСЕНОВ,
Талдықорған қалалық сотының аға сот приставы.

ТУҒАН ТІЛІМ ТӨРГЕ ШЫҚ!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ ПЕН ҚАЖЕТТІЛІК АРТСА

Ана тілі әр адамның бойына ана сүтімен даритыны бесенеден белгілі. Сол сияқты тұтас халықтың да атамекені мен туған топырағына байланысты ана тілі бар екені құпия емес. Ал, біздің Қазақ елінде төл тіліміз қазақ тілі болып табылатынын да бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан оны қастерлеп, мәртебесін көтеру әркімнің абзал борышы болуға тиіс. Жалпы, ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы мәдени - әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым болып табылады. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың шежіресі, тарихы, мәдениеті, мінезі айнадай көрініп тұрады. Мәселен, қазақтың тілінен қазақтың кең байтақ сайын даласын, аспанмен таласқан асқар тауларын, жасыл-желек ормандары мен буырқанып сарқыраған асау өзендері мен көзтартар айдын көлдерін, қайыспас қайсар мінезі мен көшпенділік тұрмыс-салтын айқын аңғаруға болады. Сондықтан білікті де белгілі тіл танушылардың «Қазақтың сары даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ»,- деп тұжырымдауы жайдан жай айтылмаса керек.

Қазақстанда тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, жүзеге асырылу үстінде. Осы тұжырыманың «тілдік ортаға негізделген тіл саясатын жүргізу, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту» атты 1-бағытын іске асыру нәтижесінде 3 нысаналы индикаторға қол жеткізу көзделген: Бірінші, мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгерген тұрғындардың үлесі. Жобаға сәйкес, 2029 жылға дейін Қазақстан халқынының 84 пайызы қазақ тілін білуі тиіс. Екінші, «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметкерлердің үлесі 43 пайызды құрауы керек. Үшінші индикатор – мемлекеттік тілді В2 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі. Олардың қатары 2029 жылға қарай 50 пайызан кем болмауы шарт. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардағы, ұлттық компаниялардағы мемлекеттік тілдегі құжат айналымының үлесі 2029 жылға қарай 94 пайыз құрауы тиіс.

Жалпы, мемлекеттік тілдің дамуына бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің тигізер көмегі мен ықпалы зор. Өйткені, мемлекеттік саясатты іс жүзіне асыратын негізгі буын осы болғандықтан, қарапайым халық, әсіресе жастар шенеуніктерге қарайды, солардың кәсіби біліктілігіне қарап, билікті бағалайды, өз болашағына қатысты бағыт-бағдарын, жоспарларын түзеді. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік тілде жетік сөйлеп, қызмет көрсетсе, осылайша жұртшылықтың мемлекеттік тілге деген құрмет пен қажеттілігін арттыруға ықпал етсе нұр үстіне нұр болар, деп ойлаймын.

Бақыт ТУРАНОВА,
Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы.

АЙТАРЫМ БАР

АШУ ДҰШПАН – АҚЫЛ ДОС ...

Бүгінгі таңда өкінішке орай жас жұбайлардың бірер жылдан кейін дәм тұздары жараспай ажырасып жатуы үйреншікті көрініске айналып кетті. Мұның себептеріне үңілер болсақ, даудың басы түймедей нәрседен бастап, түйедейге айналып кетуінен болып жатады. Солардың уәждерін талдай келетін болсақ, бірі бірімен бакйыппен сөйлесіп, дұрыстап отырып кінәласатын болса бұл кикілжіңді бастапқы кезден-ақ ушықтырмай, «сөндіріп» тастауға барлық мүмкіндіктер де, уақыт та болған. Мұндағы ең басты кемшілік бұл ерлі-зайыптылардың бір бірінің сөздеріне құлақ аспай, тыңдауға төзімділіктерінің жетпеуіне келіп тіреледі. Әрине, «Ерлі зайыптылардың арасындағы іске килігуге болмайды» деген қалыптасқан қағида бар екені де белгілі. Дегенмен, жас шаңырақтың шайқалуына жол бермеу мақсатында ата-аналарының, ата-енелерінің басу айтып, ақылға шақырғаны ауадай қажет деуге болады. Егер екі жастың ара қатынасының күйзеліске түскен кезінде, үлкен адамдар тарапынан дер кезінде орынды кеңес айтып, ажыраспай ақ, мұндай тығырықтан шығудың жолын нұсқайтын болса нұр үстіне нұр болар еді.

Ал соттың алдына келгенде, өздерінің әрекеттерін ақылға салып өлшеуден гөрі ашуға бой алдырып, ат құйрығын кесуге бел буғандарында араларындағы көздері жәудіреген ортақ балаларының болашақ тағдыры жайлы ойлауды да естен шығарып жататындары қатты қынжылтады. Әрине, сот ерлі-зайыптыларды бірден ажыратып жібермей, олардың сабаларына түсіп, райларынан қайтып, ортақ тіл табар деген үмітпен істі кейінге қалдырып, ойлануға уақыт беріп жатады.Тағы бір айта кетерлік маңызды мәселе өткен жылдың қыркүйек айының бірінші жұлдызынан бастап, ерлі зайыптылардың ажырасу мәселесі кәмелетке толмаған істері жөніндегі мамандандырылған ауданарлық соттарының құзырына берілуі. Мұндағы мақсат алдағы уақытта отбасылылық соттар құрудың жоспарлануынан да туындап отыр. Демек, енді ерлі-зайыптыларды ажырастыру істерін қараған кезде отбасындағы кәмелетке толмаған балалардың тағдырына баса назар аударылатын болады. Айрандай ұйып отырған бақытты отбасының шырқын бұзып, болмашы себептермен ажырасуына жол беріп, балаларының жүрегіне қаяу түсірмеуге көбірек көңіл бөлінгетін болады. Алайда, «Ерлі-зайыптылардың арасындағы кикілжіңге араласу абырой әпермейді» деген өмірлік қағиданы да естен шығаруға болмайды. Өйткені, кез келген отбасында шыны аяқ шылдырламай тұрмайды, жұбайлар бірде ренжісіп, бірде татуласып, бірте бірте шаңырағы шайқалмайтын мызғымас отбасын құрып жататыны баршаға аян. Сондықтан ерлі зайыптылардың құқықтарын шектеуге де заңмен жол берілмейді. Яғни, олардың тарапынан түскен арызды қабылдап, сот істі қарап заңды шешім шығаруға міндетті екені белгілі.

Әрбір айтылған пікірдің, ойдың тобықтай түйіні болары аян. Сондықтан орайы келгенде, жас отау құрып, өмірлік жолдарына енді енді қадам басып, балалы шағалы болуды көздеген жас жұбайларға ашу үстінде қызбалықпен келіп, сотқа ажырасу туралы арыз жазбас бұрын өздерінің әрекеттерін «Жеті өлшеп барып, бір рет кескендері» жөн деп санаймын. Ондай жастар райынан қайтып, бірер күннен кейін жасаған әрекеттерін ой елегінен өткізіп, балаларының жағдайын ойлап, ақылға салғаннан кейін арызын қайтарып алуға да құқылы екенін естен шығармағандары абзал. Халқымыз «Ашу дұшпан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» деп бекер айтпаған ғой. Күні кеше ғана бірін бірі сүйіп қосылып жатқан жастардың, бірер жылдан кейін отбасылық ауыртпалықты көтере алмай ажырасып жатуына жол бермей, «Үйлену оңай үй болу қиын» деген қағида бойынша ата-аналары, психологтар тарапынан дер кезінде пайдалы кеңестер беріліп тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

Сәуле НҰРҒАЛИЕВА,
Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАР ДӘРІГЕРЛЕРІНІҢ Х СЪЕЗІ



АЛМАТЫДА ЕКІ КҮН БОЙЫ «ПЕДИАТРИЯ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАР ДӘРІГЕРЛЕРІНІҢ Х СЪЕЗІ ЖӘНЕ «ЖАС ЗЕРТТЕУШІ: ЗАМАНАУИ ПЕДИАТРИЯ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫНЫҢ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ» АТТЫ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ «ПЕДИАТРИЯ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Төрт жылда бір рет өткізілетін шара биыл 4500-ден аса балалар дәрігерлерінің басын қосты. Шараның басты мақсаты - еліміздегі педиатриялық қызметтің жетістіктері мен даму болашағын саралау, педиатрия және балалар хирургиясы саласындағы өзекті мәселелерді көтеру, шешу жолдарын қарастыру, жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру, педиатрия және балалар хирургиясы саласындағы инновациялар бойынша жас ғалымдар арасында тығыз халықаралық қарым-қатынасты орнату, жас мамандарды ғылыммен айналысуға шақыру.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы, «Педиатрлар Одағы» қоғамдық бірлестігі мен С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ұйымдастыруымен өткен Қазақстан балалар дәрігерлерінің Х съезіне Италия, Польша, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікістан, Әзірбайжан, Ресей, Беларусь және т.б. алыс және жақын шетелдерден педиатрия және балалар хирургиясы саласының жетекші ғалымдары мен сарапшылары, сонымен қатар еліміздің әр өңірінен түрлі бейіндегі педиатрлар мен балалар хирург-дәрігерлері қатысты. Басқосу оффлайн және онлайн түрінде өтті.

Мерейтойлық алқалы басқосудың ашылу салтанаты Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың, Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің директоры Мағрипа Ембергенованың, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің өкілі, клиникалық блок бойынша проректоры Светлана Сұлтанғазиеваның және Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Басқарма төрағасы Абай Құсайыновтың алғы құттықтау сөзімен ашылды.



- «Бүгін Қазақстан балалар дәрігерлерінің алғашқы съезінің өткеніне – 50 жыл. 1974 жылы алғашқы балалар дәрігерлерінің бірінші съезі өтті. Бүгінгі таңда осы аталған сәттен естелік ретінде тек қана фотосурет сақталған, бірақ съездің рухы, оның қағидаттары мен міндеттері өзгеріссіз қалды. Бүгін бұл залға жиналған барлық дәрігерлерді бір мақсат біріктіреді – ол еліміздің ең кішкентай азаматтарының денсаулығын сақтау мен жақсарту, өйткені еліміздің болашағы біздің балаларымыздың денсаулығына байланысты. Бүгінгі мерейтойлық шара 500-ден астам балалар дәрігерлерінің басын қосты, тағы 3000-нан астам дәрігер бізді бүгін онлайн тыңдап отыр. Залда өз жұмысының нәтижелерімен бөлісуге дайын шетелдік әріптестерімізді де көру ерекше қуантады. Педиатриялық қызметтің болашағы тұрғысынан аға буын әріптестерінен білім алып, тәжірибе жинайтын және өз тәжірибелерін жетілдіретін көптеген жас мамандар жігерлендіреді. Съезд қорытындысы бойынша қабылданған қарар еліміздің педиатриялық қызметін одан әрі дамытуға жаңа серпін береді деп сенемін!», деп атап өтті алғы сөзінде Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Басқарма төрағасы Абай Құсайынов. А.З.Құсайынов сонымен қатар, арнайы баяндама жасап, Қазақстан Республикасындағы педиатриялық қызметтің бүгінгі жағдайымен бөлісті.

Өзінің құттықтау сөзінде Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Денсаулық сақтау министрлігінің балаларға медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды бастамаларын атап өтті.





- «Ана мен бала денсаулығын қорғау мемлекет пен Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Елдің болашағы – жас ұрпақтың денсаулығына байланысты. Соңғы 10 жылда елімізде балалар өлімжітім көрсеткіші азайып келеді. Дене салмағы өте төмен балалардың өмір сүру деңгейі 4 есеге артты. Бұл еліміздегі 5000-нан аса педиатр дәрігерлерінің күнделікті жанкешті еңбектерінің нәтижесі, сондай-ақ, тиімді перинаталдық технологияларды енгізудің, ДДҰ ұсынған қауіпсіз ана болу қағидаттарының, неонатальды реанимацияны дамытудың, аз инвазивті технологияларды енгізудің, жоғары технологиялық медициналық көмектің және балалар кардиохирургиясы мен балалар нейрохирургиялық көмегін дамытудың арқасында мүмкін болды», - деді ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Әлназарова.

Еліміздің және шет елдің балалар дәрігерлерінің басын қосқан съездің беделді алаңында балалардағы ауруларды емдеу мен диагностикалаудың заманауи әдістері, балалар хирургиясындағы өзекті мәселелері, педиатрия және балалар хирургиясын дамытудың ғылыми және практикалық аспектілері, педиатриялық кадрларды даярлау мәселесі, балалардағы онкологиялық және гематологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің заманауи технологиялары, сирек кездесетін ауруларды ерте диагностикалау, емдеу, оңалту, асқынулардың алдын алу және тіркеу мәселелері және т.б. педиатрия және хирургия саласына қатысты өзекті мәселелер талқыланып, ғылыми жобалар ұсынылды және практикадағы ерекше клиникалық жағдайлар ортаға салынды. 12 ғылыми сессияда барлығы 121-ден астам баяндамалар тыңдалды. Баяндамалардың тақырыптар ауқымы кең. Балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру аспектілері мен алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек деңгейінде балаларға медициналық қызмет көрсетуді жақсарту мәселелерінен бастап, балалардағы ауруларды диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістеріне дейін қамтиды.

Съезд аясында 18 қазан күні докоранттарға, магистранттар мен резиденттерге арналған «Жас зерттеуші: заманауи педиатрия және балалар хирургиясының сын-тегеуріндері мен даму болашағы» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру, денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда жас дәрігерлердің рөлін арттыру мақсатында конференцияда еліміздің және шет елдердің ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарында резидентурада, магистратурада және PhD докторантурада оқитын жас ғалымдардың жарияланымдары, ауызша және постерлік баяндамалары ұсынылды. Ғылыми жобаларды педиатрия және хирургия саласының білікті мамандарынан құралған қазылар алқасы саралады. Ғылыми конференцияға ұсынылған баяндамалар үш аталым бойынша анықталып, арнайы дипломдармен марапатталды. Атап өте кетейік, биыл отандық педиатрияның корифейлері: академик Машкеев Әукен Қиясұлы мен балалар онкогематология қызметінің негізін қалаушы Күлән Омарқызы атындағы арнайы сыйлық тағайындалды.

Шара аясында үш шеберлік сабақ: «Педиатриялық тәжірибедегі капсулалық эндоскопия», «Лейкемияны диагностикалаудағы MRD PCR real time рөлі. Зерттеу нәтижелерін түсіндіру» және «Балалар мен жас ересектердегі гематологиялық аурулардың морфологиялық диагностикасы», сонымен қатар «Қысқа ішек синдромы, терапия және динамикалық бақылау мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстелі өтті.

Айтулы шара балаларға медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіруге, педиатриялық көмекті одан әрі дамытуға жаңа қуатты серпін беретініне сенімдіміз.

Съезд соңында арнайы қарар әбылданып, педиатрия саласының негізгі мәселелері нақтыланып, даму болашағы айқындалды.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

ПРЕДУСМОТРЕНА СТРОГАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

В области уголовно-правовых отношений важным направлением противодействия преступлениям является регламентация вопроса защиты половой неприкосновенности или половой свободы несовершеннолетних как особой составляющей обеспечения надлежащего уровня духовно-нравственного и морального развития членов общества.

Половые преступления, совершаемые в отношении несовершеннолетних, во-первых, причиняют последним серьезный физический вред, во-вторых унижают их честь и достоинство, в -третьих, вызывают у них психическое расстройство. Кроме того, половые преступления в отношении несовершеннолетних грубо искажают представления ребенка о мире, о себе и нарушают его взаимоотношения с другими людьми, а также препятствуют правильному нравственному воспитанию.

Поэтому, для предотвращения таких преступлении, в первую очередь родителям необходимо ограждать ребенка от контакта с «группой риска» — алкоголиками, пьяницами, наркоманами. должны объяснить ребенку, что нельзя разговаривать с незнакомцами на улице, впускать их в дом, садиться в чужую машину, принимать подарки от незнакомых людей. Ну и конечно желательно не оставлять детей надолго без присмотра на улице, они должны быть постоянно в поле зрения родителей. Родители должны научить своего ребенка правилам безопасного поведения, контролировать и оберегать его.

В частности, преступления против половой неприкосновенности и половой свободы несовершеннолетних относятся к наиболее тяжким преступлениям, за совершение которых законодатель предусмотрел строгую ответственность. В частности, за насилие против детей не достигших 14 лет согласно ст.ст. 120, 121 УК предусматривается наказание пожизненное заключение.

Надо отметить, что к лицам, которые совершили уголовное преступление против половой неприкосновенности, не применяется условное осуждение, освобождение от уголовной ответственности в связи с раскаянием или примирением. Также к ним не применяется условно-досрочное освобождение и замена неотбытой части наказания более мягким видом. Они не освобождаются от отбывания наказания в связи с истечением срока давности обвинительного приговора, на основании амнистии или помилования. Осуждённые выходят из мест лишения свободы с административным надзором до 3 лет. Это значит, что преступник не имеет права покидать место проживания, посещать определенные места. Кроме того, ему запрещается любыми способами общаться с несовершеннолетними без согласия их родителей.

Ержан ЖАНУЗАКОВ,
председатель СМУС
Алматинской области.

МЕДИАЦИЯ

В КАЗАХСТАНЕ ЗАКОН «О МЕДИАЦИИ» ПРИНЯТ В 2011 ГОДА. НАСТОЯЩИЙ ЗАКОН РЕГУЛИРУЕТ ОБЩЕСТВЕННЫЕ ОТНОШЕНИЯ В СФЕРЕ ОРГАНИЗАЦИИ МЕДИАЦИИ В РК, ОПРЕДЕЛЯЕТ ЕЕ ПРИНЦИПЫ И ПРОЦЕДУРУ ПРОВЕДЕНИЯ, А ТАКЖЕ СТАТУС МЕДИАТОРА.

СПОСОБ АЛЬТЕРНАТИВНОГО УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ

Медиация — это новая форма альтернативного урегулирования споров с участием третьей, нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в конфликте стороны. В качестве этой стороны выступает медиатор, который помогает участникам спора или судебного разбирательства выработать определенное соглашение, при этом стороны полностью контролируют процесс принятия решения по урегулированию спора и условия его разрешения.

В частности, согласно ст.179 ГПК РК стороны вправе до удаления суда для вынесения решения в судах первой, апелляционной, кассационной инстанций заявить ходатайство об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации при содействии судьи или медиатора. Судья, который проводит медиацию, назначает день проведения медиации и извещает стороны о времени и месте ее проведения. Медиация проводится судьей в соответствии с Законом Республики Казахстан "О медиации" и с учетом особенностей, установленных настоящим Кодексом.

Если стороны не достигли соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации при содействии судьи до принятия искового заявления, материалы, имеющие отношение к делу, передаются на рассмотрение другому судье в порядке, предусмотренном частью седьмой статьи 35 настоящего Кодекса. С согласия сторон дело может быть рассмотрено судьей, проводившим медиацию.

При поступлении ходатайства об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации при содействии судьи по делу, находящемуся в производстве суда первой или апелляционной инстанции, суд вправе приостановить производство по делу в соответствии с подпунктом 7) статьи 273 настоящего Кодекса на срок не более десяти рабочих дней.

Для проведения медиации в суде первой инстанции дело передается другому судье. По ходатайству сторон медиация может быть проведена судьей, в производстве которого находится дело. При не достижении соглашения об урегулировании спора (конфликта) дальнейшее рассмотрение дела может быть продолжено этим же судьей с согласия сторон.

При поступлении ходатайства об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации при содействии медиатора по делу, находящемуся в производстве суда первой или апелляционной инстанции, и представлении договора, заключенного сторонами с медиатором, суд обязан приостановить производство по делу в соответствии с подпунктом 7) статьи 272 настоящего Кодекса на срок не более одного месяца.

Аян КУРМАНГАЛИЕВА,
руководитель администратора
Саркандского районного суда.

ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ

ПРИМИРЕНИЕ СТОРОН В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ

МЕДИАЦИЯ - ЭТО «ПРОЦЕДУРА ПРИМИРЕНИЯ КОНФЛИКТУЮЩИХ СТОРОН ПУТЕМ ВСТУПЛЕНИЯ В ДОБРОВОЛЬНЫЕ ПЕРЕГОВОРЫ С ПРИВЛЕЧЕНИЕМ НЕЙТРАЛЬНОГО ЛИЦА - МЕДИАТОРА - С ЦЕЛЬЮ ДОСТИЖЕНИЯ ВЗАИМОПОНИМАНИЯ И СОСТАВЛЕНИЯ ДОГОВОРА, РАЗРЕШАЮЩЕГО КОНФЛИКТНУЮ СИТУАЦИЮ».

Согласно Закона «О медиации» сферой применения медиации определены споры и конфликты в гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношениях с участием физических и юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного производства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести. Медиация по уголовным делам (восстановительная медиация) проводится для примирение сторон в уголовном процессе. В первую очередь, примирение сторон и заглаживание обвиняемым нанесенного вреда может рассматриваться в качестве смягчающего обстоятельства. При определенных условиях примирение сторон может являться основанием для прекращения уголовного дела на любой стадии – в ходе дознания, следствия или судебного разбирательства. В соответствии с ч.1 ст.68 Уголовного кодекса РК, лицо, совершившее уголовный проступок или преступление небольшой или средней тяжести, не связанное с причинением смерти, подлежит освобождению от уголовной ответственности, если оно примирилось с потерпевшим, заявителем, в том числе в порядке медиации и загладило причиненный вред.

Все чаще этой формулировкой сегодня завершается рассмотрение дел, связанных с преступлениями небольшой и средней тяжести. Механизм прекращения уголовного преследования в связи с примирением потерпевшей стороны и преступника закрепляет общечеловеческие ценности, которые направлены на проявление гуманизма к лицам, совершившим незначительные преступления. Вот почему важной и интересной, на наш взгляд, является тема восстановительного правосудия или медиации.

В уголовном процессе участие медиатора законодательно регламентировано статьями 64,71 и 85 УПК РК. Уголовно-процессуальным кодексом Республики Казахстан медиатору в уголовном процессе предоставлены следующие права: 1) знакомиться с информацией, предоставляемой сторонам медиации органом, ведущим уголовный процесс; 2) знакомиться с данными об участниках уголовного процесса, являющихся сторонами медиации; 3) встречаться с участниками уголовного процесса, являющимися сторонами медиации, наедине и конфиденциально без ограничения количества и продолжительности встреч в соответствии с уголовно-процессуальным законом; 4) содействовать сторонам в заключении соглашения о достижении примирения в порядке медиации.

И возложены следующие обязанности: 1) при проведении медиации действовать только с согласия сторон медиации; 2) до начала медиации разъяснить сторонам медиации ее цели, а также их права и обязанности; 3) не разглашать сведения, ставшие ему известными в связи с проведением процедуры медиации.

Медиатор вправе с согласия сторон осуществлять процедуру медиации с момента регистрации заявления и сообщения об уголовном правонарушении и на последующих стадиях уголовного процесса до вступления приговора в законную силу.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского
городского суда.

СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ

ИЗБАВИЛИ ОТ ЛИШНИХ БЮРОКРАТИЧЕСКИХ ПРОЦЕДУР

Всем известно, что последние годы широкое внедрение и применение современных технологий в судебной системе упростили допроизводство, сняли бюрократические барьеры, минимизировали контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствовало снижению подверженности к коррупции, сэкономили время и средства граждан, позволили достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Одним словом, упрощение процесса отправления правосудия, избавили его от лишних бюрократических процедур – теперь стало возможным и несложным при активном внедрении новых информационных технологий, прочно вошедших в повседневную жизнь граждан и работу органов государственной власти, что позволяет избежать многих неудобств и получить максимально эффективный результат при минимальных затратах временных и финансовых ресурсов. В частности, сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений.

Одним из удобных и эффективных сервисов для пользователей является «Судебный кабинет». Поскольку, гражданин, его представитель или адвокат в любое удобное ему время, не выходя из дома, офиса через сеть интернет может просмотреть судебный документ, а также статус по делу и распечатать судебный акт. Авторизация в «Судебный кабинет» осуществляется с помощью ИИН или БИН и пароля. При подаче заявления (обращения) представителем юридического лица авторизация осуществляется посредством БИН.

Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда http://www.sud.kz. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись. Физические лица и их представители, представители юридических лиц вправе представлять в суд электронные документы, посредством заполнения электронных форм, размещенных в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет». Для этого указанным лицам необходимо зарегистрироваться в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет».

Куанышбек КАНАФИН,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАХМАТ

БИБІСАРАНЫҢ ГРАН-ПРИ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАҒЫ БІР ЖҮЛДЕСІ

Шымкентте Халықаралық шахмат федерациясының (ФИДЕ) әйелдер арасындағы 2024-2025 жылғы Гран-приінің екінші кезеңі аяқталды, деп хабарлайды Zakon.kz.



9 турдан кейін Қазақстан әйелдер құрамасының көшбасшысы, 45-ші Дүниежүзілік шахмат олимпиадасының күміс жүлдегері Бибісара Асаубаева (2487) 3-орын иеленді.

Еске сала кетейік, Бибісара Тбилисиде өткен Гран-придің алғашқы кезеңінде күміс жүлдеге қол жеткізген.

Осы жолы Шымкентте Александра Горячкина (2533) 7 ұпай жинап, жеңіске жетсе, одан жарты ұпай аз жинаған әлемнің экс-чемпионы Тань Чжунъи (Қытай, 2551) екінші орын алды.

Әйелдер арасындағы ФИДЕ Гран-приі – жүлде қоры қомақты турнир. Алты кезеңнің әрқайсысының қоры 80 мың еуроға тең. Бірінші орын алған шахматшыға оның 18 мыңы табыс етіледі. Екінші орынға – 13.000 еуро.

Бүкіл турнир сериясының жалпы жүлде қоры – $600 000, оның $120.000 жалпы есепте үздік болған он ойыншыға үлестіріледі.

Ал серияда жеңіске жеткен жағдайда әлемдік шахмат тәжін иеленуге жол ашылатын келесі үміткерлер турниріне (FIDE Women's Candidates 2026) жолдама алуға болады.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

ЕКІ АПТАДА ТӨРТ ТУРНИРДЕ ТОПЖАРДЫ

11 жастағы қазақ қызы қарсылас шақ келтірмей, екі аптаның ішінде төртінші турнирінде чемпион атанды



Қазақстандық спортшы Жәния Бекмұхамбетова үстел теннисінен Италияның Линьяно қаласында өткен WTT Youth Contender Lignano 2024 халықаралық турнирінде алтын медаль жеңіп алды. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ Olympic.kz сайтына сілтеме жасап хабарлайды.

Жания Бекмұхамбетова Италияның Линьяно қаласында өткен WTT Youth Contender Lignano 2024 халықаралық турнирінде 11 жасқа дейінгі санатта үздік атанды.

Қазақстандық спортшы аталмыш турнирде Лола Уриа (Испания), жарыс қожайындары Серена Россати және Эмили Кожакару, Джулия Фернандес (Испания), Бьянка Тома (Румыния) сынды қарсыластарын 3:0 есебімен, ал Аялгуу Эрденехуягты (Моңғолия) 3:2 есебімен жеңді.

Айта кетейік, бұған дейін осы турнирде Жәния 13 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы жарыста үшінші орынды иеленген еді.

Сондай-ақ ол Словакия, Мысыр және Венгрияда өткен WTT Youth Contender турнирлерінде чемпион атанған еді.

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА АЛТЫН МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ

ХОККЕЙДЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ. АЛМАТЫДАҒЫ "ХАЛЫҚ АРЕНАДА" ӨТКЕН ШЕШУШІ МАТЧТА ОТАНДАСТАРЫМЫЗ ЖАПОНДЫҚ ҚҰРАМАНЫ 5:1 ЕСЕБІМЕН ҰТТЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.



Бұл 2024 жылғы Азия чемпионатының соңғы матчы болды. Жапондықтарға бірінші орын алу үшін тең ойын өрнегі де жеткілікті болушы еді. Өйткені олар Қытай мен Оңтүстік Кореяны жеңіп, екі турдан кейін көш бастады. Ал турнир иелері Алматыда Жапония өкілдерін міндетті түрде таза жеңуі керек болады. Біздің хоккейшілер бұл тапсырманы өте жақсы орындап, ақырында қарсыластарын 5:1 есебімен жеңді.

Осылайша, Қазақстан құрамасы хоккейден алғашқы Азия чемпионатында үздік атанды. Бірақ жанкүйерлер Оңтүстік Корея командасынан 1:4 есебімен ұтылып, Қазақстан құрамасы бұл жарысты қалай сәтсіз бастағанын біледі. Алайда, содан соң біздің жігіттер Қытай хоккейшілерін 6: 1 есебімен ойсырата ұтты. Жапондықтармен шешуші айқаста да сәттілік біздің жақта болды. Корей хоккейшілеріне қола медаль бұйырды.

БОКС

ӘЛИ АХМЕДОВТЫҢ КЕЛЕСІ ЖЕКПЕ ЖЕГІ ҚАШАН

ГОЛОВКИННІҢ КОМАНДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОКСШЫСЫ, ЕКІНШІ ОРТА САЛМАҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПҚОЙ БОКСШЫ ӘЛИ АХМЕДОВТЫҢ (22-1, 16 КО) КЕЛЕСІ ЖЕКПЕ-ЖЕГІН ҚАШАН ӨТКІЗЕТІНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ KAZ.NUR.KZ ТІЛШІСІ ХАБАРЛАЙДЫ.



BoxRec.com сайтының мәліметінше, Әли Ахмедов келесі кездесуін 2025 жылдың 25 қаңтарында АҚШ-тың Калифорния штатындағы Коммерс қаласында өткізеді. Әзірге оның қарсыласы туралы ақпарат жарияланған жоқ.

Еске салайық, Әли Ахмедов соңғы жекпе-жегін 20 қыркүйекте Ирландияның Дублин қаласында өткізіп, француздық боксшы Пьер Юбер Дибомбені (22-2-1, 12 КО) төрешілердің шешімімен жеңген болатын. Осылайша ол Геннадий Головкинге тиесілі GGG Promotions промоутерлік компаниясының өкілі қатарынан алтыншы рет жеңіске жетті.

Сондай-ақ Әли Ахмедов биыл 3 жекпе-жек өткізіп, бәрінде жеңіске жеткен.

ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» ТӨРТІНШІ РЕТ ЕЛ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

ZAKON.KZ. ХАБАРЛАУЫНША, ӨТКЕН ЖЕКСЕНБІ КҮНІ 10 ҚАРАШАДА ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫ КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДА ФУТБОЛДАН ӨТКЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.



Шешуші 26-шы турда Алматының «Қайраты» сырт алаңда "Атыраудан" 1:0 есебімен басым түсті. Жалғыз голды 59-шы минутта пенальтиден Гиорги Зария соқты. Осы-лайша, "сары-қаралар" 47 ұпай жинап, өз тарихында төртінші мәрте футболдан Қазақстан чемпионы атанды. Бір ұпай ғана қалып қойған елордалық «Астана» күміс жүлдегер атанды, ал «Ақтөбе» қола медалға ие болды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www. alatau. kz@mail.ru

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА



Бала тәрбиесі қай заман, қандай қоғам болмасын қашанда өзекті. Тәрбиенің адам өмірінде алатын орны, маңызы өте ерекше. Себебі тәрбие өміріңді, болашағыңды айқындайтын құрал десек те болады. Жалпы әрбір халықтың, ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігінде қалыптасқан салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүріне сай ұрпақ тәрбиелеуінің тың тәсілі болады.

Халық тәрбиесі ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен ұштасып, күнделікті тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп- өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір пікірі мен түйіні бар. Мысалы, қазақ халқы ұрпағын үш негізде, атап айтқанда «ұят болады, обал болады, сауап болады» деп тәрбиелеген. Бұл үш тұғыр бейне ошақтың тағаны сияқты мығымдылығымен, сенімділігімен қаншама ғасыр сынынан өтіп келеді. Міне осынау үш таған біздің ұлттық құндылықтармен берік ұштасады деуге болады. «Баланға басқұр қалдырғанша, тозбайтын дәстүр қалдыр» деп, ұлттық құндылықтардан болған дәстүрдің үйретілуі, насихатталуы мен жаңғыруы бала тәрбиесіндегі орнын айшықтап тұрғандай. Сондықтан дана халқымыз «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» дейді. Осы бірақ ауыз түйінмен-ақ ұлттық тәрбиенің маңыздылығын айшықтап береді. Бүгінгі күні үлкенді сыйламау, ата-анасына жекіп сөйлеу, мұғалімдеріне қарсы шығу және сол секілді олқылықтар негізі кезінде дұрыс тәлім-тәрбие алмағандықта жатыр. Сол себепті ел мен жер, ұлттық рух, тіл, әдебиет және руханият, қолөнер, ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүрге қатысты дүниелерді сабақ барысында кеңінен қолдану тәрбие ісінде мол жетістікке жетудің кепілі. Ұрпағымызды, еліміздің келешегін тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді, ұлт құндылығын сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын, ұлтшыл азамат өсіре аламыз.

Ақбота МАҒЗУМҚЫЗЫ,
Абай атындағы мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші.
Сарқан ауданы.

АЛИМЕНТ ӘКЕ БОЛМАЙДЫ

Біз жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған ел едік. Үлкенін құрметтеп, кішісіне ізет білдіретін, тапқан нәпақасын қонағымен бөліп жеуді жөн көретін халық болатынбыз. Иә, сондай асыл қасиеттеріміз көп еді. Бүгінгі күні біразынан айырылып, біразынан емес-ау, көпшілігінен қол үзіп отырмыз. Жетімнің көз жасына қалудың екі дүниеде де оңбайтын іс екендігін ұмыттық. Соның кесірінен ажырасқан отбасы көбейіп, жанары жасқа толы сәбидің қатары күннен-күнге өсіп барады. Ең сорақысы алименттен жалтару үшін бауыр еті баласынан бас тартып жатқандардың саны артып келеді. Өз баласын тастаған «көкек әкелерге» қандай жаза бар? Алименттік міндеттемелердің өзіне тән белгілері қандай?



Балаға алимент төлеу мәселесі екі жолмен шешіледі. Яғни, ерлі-зайыптылар алиментке қатысты барлық сұрақтарды өзара келісіп шешіп, арадағы келісімдерін готариус арқылы куәландырса құба-құп. Ал мәселе кері кетсе, бейбіт жолмен шешілмесе тараптар сотқа жүгінеді. Егер де некесі сот арқылы бұзылған болса, онда алимент өндіруді сол уақытта-ақ біржола шешіп алуға болады. Қалай десек те, алимент балаға тиесілі үлес. Оны төлеу – міндет! Алайда алимент ата-ананың орнын алмастыра алмайтынын естен шығармағанымыз абзал.

Ерлі-зайыптылар ажырасқанда кәмелеттік жасқа толмаған балалар болса, алимент төлеу мәселесі ерікті немесе мәжбүрлеп талап ету арқылы шешіледі. Ең алдымен алимент кімдерге төленетінін анықтап алайық. Заң бойынша алимент тек кәмелеттік жасқа толмаған балаларға ғана төленеді деген қате түсінік. Алимент мына санаттағы адамдарға да төленеді:

- кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балалар;
- еңбекке жарамсыз ерлі-зайыптының бірі;
- жүкті зайыбы;
- I-II топтағы мүгедек деп танылған балалар (18 жасқа дейін);
- 18 жасқа толғанға дейін мүгедек балаға күтім жасайтын мұқтаж зайыбы;
- еңбекке жарамсыз ата-ана.

Бұдан бөлек қамқорлықта, қорғаншылықта немесе патронаттық тәрбиеде болатын балалар, асырап алынған балалар да алимент алуға құқылы. Заң бойынша ай сайын төленетін алименттің мөлшері бар. Яғни, бір балаға – алимент төлеуші тараптың ай сайынғы табысының төрттен бірі, екі балаға – үштен бірі, ал үш немесе одан да көп балаға табысының жартысы берілуі керек.

Ескере кететіні, сотта осы үлестердің мөлшері тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайына қарай азайюы немесе ұлғаюы мүмкін. Балаларды асырауға кететін қосымша сомалар шегеріледі. Төленетін алимент мөлшерін қысқартатын жағдайлар да кездеседі. Мәселен, алимент төлеуге міндеттелген әке немесе ананың отбасылық, материалдық жағдайы өзгерсе, екінші рет үйленіп, балалы болса, денсаулық жағдайына байланысты қаржы қажет болса, алимент көлемін азайту туралы сотқа арыз жаза алады.

Арыз қарастырылғаннан кейін сот көрсетілген себептер орынды деп тапса, алимент мөлшерін азайтады. Алайда, алимент төлеуді мүлдем тоқтату мүмкін емес.

Ержан ХИЗАТОВ,
Жетісу облысы бойынша
жеке сот орындаушысы

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары







Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор
Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші

Кезекші редактор: Т. ИЕМБЕРДИЕВА

Alatau

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1199

Индекс 15534